

**«Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ
«Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған
мектеп-интернаты» КММ**

КЕЛІСІЛГЕН
Қамқоршылық кеңес
төрағасы  Г.И.Перикенова

«19» 05 2020 ж.

БЕКІТЕМІН
«Өркен» ММИ» КММ
директоры  Л.С. Мукишева

«19» 05 2020 ж.

**«Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен»
мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ бойынша
2020 -2023 жылдарға арналған
МЕКТЕПТІ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Жезқазған 2020

Бағдарлама жетекшісі:

Директор Мукишева Лайла Сайлановна
ҚОЛЫ

Бағдарлама әзірлеушілер:

Директордың ОДЖ орынбасары Капарова Динара Онгонисовна
ҚОЛЫ

Директордың БОЖ орынбасары Сейтмағанбетова Галия Омарғалиевна
ҚОЛЫ

Кеңесші: Сарсембаева Алия Жакуповна (ОӘО әдіскері)
ҚОЛЫ

«Өркен» ММИ Әдістемелік Кеңесімен ұсынылған
№ 5 «15» мамыр 2020 г. Хаттама

Хатшы:

Мектеп кітапханашысы Алиева Гүлнар Самархановна
ҚОЛЫ

Бөлім №	Бөлімдердің атаулары	бет
I.	Мектепті дамытудың 2020 - 2023 жылдарға арналған бағдарламасының паспорты.	4-6
II.	Білім беруді ұйымдастыру туралы ақпараттық анықтама	7
III.	Мектеп қызметін талдау	8-36
IV.	Білім беру ұйымының даму тұжырымдамасы	37-38
V.	Мектептің дамуының 5 академиялық жылға арналған стратегиялық жоспары (2020 - 2023)	39-51
	1-стратегиялық бағыт - Білім беру сапасының дамуы	52-54
	2-стратегиялық бағыт - Адами ресурстарды дамыту	55-58
	3-стратегиялық бағыт - Басқарудың алқалық формасын дамыту	59-61
	4-стратегиялық бағыт - Оқу процесіне жағдай жасау	62-64
	5-стратегиялық бағыт - Мектептің жеке ерекшеліктері.	65-67
VI.	Мектептегі іс-шаралардың жоспары	68-75

**«Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған
мектеп-интернаты» КММ**

2020-2023 жылдарға

МДБ нормативті-құқықтық қолдау	• «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы. • «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңы. • «Мұғалімнің мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Қазақстан Республикасының Заңы. • Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. • Бала құқығы туралы конвенция (Нью-Йорк, 20 қараша 1989 ж.) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы № 77 қаулысымен бекітілген) • «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы; • Қазақстан Республикасының Президенті - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2050 Стратегиясы: мемлекеттің жаңа саяси бағыты» • Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 02.09.2019 жылғы Қазақстан халқына жолдауы. «Конструктивті қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі»
Миссия	Оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау.
МДБ мақсаты	Мектеп оқушыларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.
МДБ міндеттері	- Педагогтерге қолдау көрсету, кәсіби өсулеріне жағдай жасау, ынталандыру жұмыстарын жүргізу; - Педагогтердің ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру; - Оқушылардың сапалы білім алуына, ғылыми

	жұмыстар мен олимпиадаларға қатысуына ықпал ету; - Оқушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында шығармашылық байқауларға қатыстыру, қосымша білім беруді жүйелі түрде жүргізу; - Үздік тәжірибелерді мектептің оқу үрдісіне енгізу; - Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту; - Мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты жетілдіру, ынтымақтастық атмосферасын орнату; - Оқушылардың өзіндік жұмыстарына көңіл бөлу; - Педагогтер мен оқушылардың ақпараттық, цифрлық сауаттылықтарын арттыру.
МДБ күтілетін нәтижелері (Нысаналы индикаторлар және МДБ көрсеткіштері)	- Оқушылардың білім сапасын 87 %-ға дейін жеткізу; - Бір ғана «үштік» бағасы бар оқушылардың үлесін 6,5 % -ға төмендету; - Үлгерімі төмен оқушылардың үлесін 13 %-ға дейін азайту; - Оқушыларды 100 % қосымша біліммен қамту; - Олимпиадаға қатысушылардың санын 24,6 %-ға дейін арттыру; - Дарынды оқушылармен жұмыс жүйесін жетілдіру; - Үш тілді білім беруге байланысты іс-шараларды кезең-кезеңмен енгізу; - Кәсіби бағдар бойынша оқушылардың білімдерін жетілдіру; - Оқушылардың өздігінен білім алуларына жағдай жасау; - Оқу-тәрбие процесінде денсаулық сақтау технологиясына көңіл бөлу; - Педагогтердің кәсіби біліктіліктерін арттыру курстарына қатысуын 100 % -ға дейін жеткізу; - Педагогтерді біліктілік санаттары бойынша аттестаттаудан өткізу; - Шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтердің санын арттыру; - Ұлытау ауданының мектептеріне әдістемелік көмек көрсету үлесін 58,3 %-ға дейін жеткізу. - Қала, облыс мектептерімен байланыс орнату, тәжірибе алмасу; - Қала, облыс, республика көлеміндегі іс-шараларға қатысу;

	- Педагогтердің, оқушылардың ақпараттық-цифрлық сауаттылықтарын 100 % -ға дейін арттыру; - Барлық пәндер бойынша 9 инновациялық технологияны қолдану деңгейін жетілдіру; - Педагогтердің өздігінен білім көтеру тақырыптары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу үлесін 30 %-ға арттыру; - Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын педагогтердің үлесін 69,2 %-ға жеткізу; - Қамқоршылық кеңестің мектептің оқу-тәрбие үрдісіне араласу үлесін арттыру; - Ата-аналар комитетінің тәрбиелік іс-шараларға араласу үлесін арттыру; - Мектептегі оқу кабинеттерінің 50 %-на күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу; - Психологиялық қызмет кабинетін жетілдіру; - Оқу кабинеттерін әдістемелік құралдармен 40 % қамтамасыз ету; - Физика, химия, биология кабинеттерін қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету; - Мектеп кітапханасын жаңашаландыру, көркем әдебиетпен, оқулықтармен толықтыру; - Пән кабинеттерін 100% компьютермен және интернетпен қамтамасыз ету.
МДБ Бағдарламасы дамуының негізгі бағыттары	1-стратегиялық бағыт - білім беру сапасын дамыту; 2-стратегиялық бағыт - адами ресурстарды дамыту; 3-стратегиялық бағыт - басқарудың алқалы формасын дамыту; 4-стратегиялық бағыт - оқу процесіне жағдай жасау; 5- стратегиялық бағыт - мектептің жеке ерекшеліктері.
Бағдарламаны іске асыру мерзімі	2020 -2023 жж.
МДБ орындауды ұйымдастыру және бақылау	маусым, желтоқсан Мониторингтер, сараптамалар, шешімдер, ұсыныстар

II. Білім беруді ұйымдастыру туралы ақпараттық анықтама
Білім беруді ұйымдастырудың жалпы сипаттамасы:

Толық атауы:	«Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ
Заңды мекенжайы:	100600 Қарағанды облысы Жекзқазған қаласы, Абай көшесі 144
Телефон:	87102776160
Мекеме түрі:	мемлекеттік негізгі орта білім беру ұйымы
Оқыту тілі:	қазақ
Құрылыс салынған жылы:	1965 жыл
Соңғы күрделі жөндеуден өткен жыл:	Жөндеуден өтпеген
Қабаттар саны	3
Ғимарат аумағы:	1422,2 шаршы метр
Мектептің жобалық сыйымдылығы:	91 адам

III. Мектеп қызметін талдау

1. «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернатының даму әлеуетіне SWOT талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
1. Басқару саласындағы жаңашылдық; 2. 5-8 сынып оқушыларына білім беру стандарттарын орындауға жағдай жасалуы; 3. Педагог қызметіндегі жаңашылдық; 4. Әдістемелік қызметтің тиімді ұйымдастырылуы; 5. Педагог қызметкерлерге қойылатын күзиреттілік талаптардың орындалуы; 6. Мұғалімдердің кәсіби өсуінің артуы (деңгейлік курс 4, 1 тренер, 1 үйлестірушінің бар болуы); 7. Мұғалімдердің (67,5%) білім беру инновациялық технологияларын белсенді қолданулары; 8. Мұғалімдердің біліктілік деңгейлері бойынша үлесінің артуы; 9. Жас мамандардың санының артуы (31,2%) 10. Мектептегі тәрбие бағытын дамытуға арналған жобалардың атқарылуы; 11. Математика пәнінің топқа бөлініп оқытылуы; 12. Жылдан жылға бала санының артуы 81; 120; 169; 13. 6-шы сыныптан кейін оқушылардың НИШ ДББҰ-на, БИЛ-не, мамандандырылған мектеп-интернаттарына түсулері; 14. Облыс пен республикалық деңгейде өтілетін педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысушылар санының артуы (24%); 15. Оқушылардың облыс пен республикалық пән олимпиадасына, зияткерлік марафондарға, жобаларға қатысулары, жүлделі орындар санының артуы (64,4%); 16. Тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша жұмыс түрлі форматтарда ұйымдастырылуы; 17. Мектептен тыс қосымша білім беру арқылы оқушылардың жан-жақты дамуы үшін мүмкіндіктердің жасалуы (таңдау, элективті курстар, үйірмелер, қосымша сабақтардың қолжетімділігі, көп мөлшерлілігі), оқушыларды қамтамасыз ету 100%; 18. Компьютер, робототехника кабинеттерімен қамтамасыз етілуі, мектептің интернет жүйесіне қосылуы; 19. Бейнебақылаудың орнатылуы;	1. Мекемеге арналған типтік жобадағы бекітілген ережеге сай ғимарат пен интернаттың жоқтығы; 2. МТБ-ның білім беру процесінің қазіргі талаптарына сәйкес келмеуі (пән кабинеттерінің жетіспеуі, кабинеттердің жасақталуы); 3. Жоғары білікті педагог кадрлардың тапшылығы, мектепте қоса қызмет атқарушы педагогтар 40,7%; 4. Білім сапасының соңғы үш жылда төмендеуі (85,1, 73,3, 72,1%); 5. Оқыту сапасындағы ауытқу себептерін анықтауда мектепшілік бақылаудың әлсіздігі; 6. Негізгі құрамдағы мұғалімдердің 100% -ға жаңартылған білім беру мазмұны бойынша курстан өтпеулері (өтпеген 25%) 7. Олимпиадаларға, ғылыми жобаларға оқушыларды дайындау жұмыс жүйесінің жеткіліксіздігі; 8. Педагогтардың өз әріптестермін бірлескен шығармашылық жобалар құруға ұмтылысы жеткіліксіз; 8. Жас мамандардың кәсіби біліктерінің жеткіліксіз деңгейі. 9. Үштік одақтың жұмыс жүйесінің жеткіліксіздігі (мектеп, ата-ана. оқушы); 10. Мектептің алқалы басқару органдарына ата-аналарды тартудың төмен деңгейі; 11. Оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін жағдай жеткіліксіз (спортзал, спорт алаңы, кабинеттер); 12. Толық дәруменді тамақтанудың болмауы; 13. Кейбір оқушылардың созылмалы ауруларының салдарынан әлсіздіктері, тез шаршаулары.

20. Ұжымдағы қолайлы әлеуметтік ахуал.	
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер
1. Қарағанды облысының Білім басқармасынан, «ҚО ББД ОӘО» , «Өрлеу» АҚ ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ ИПК ПР, Педагогикалық шеберлік орталығының курстарына, семинарларына қатысу, ғылыми-әдістемелік көмек алу; 2. Оқушыларды олимпиадаға, ғылыми-жобаларға дайындау бойынша тәжірибені кеңейту мен білімді жаңарту мақсатында Жезқазған қаласындағы О.Байқоңыров атындағы университетімен, №3 білім инновация лицейімен ынтымақтастықта болу. 3. Тәжірибе тарату, алмасу мақсатында «Ауыл-қала» жобасын іске асыру (Ұлытау ауданымен); 4. Біліктілігін арттыру курстары арқылы (Онлайн, қашықтықтан оқыту, жаңартылған білім, робототехника т.б курстар) кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға; 5. Кәсіби байқауларға қатысып, үздік тәжірибе алмасуға, авторлық бағдарлама шығаруға; 6. Құзіреттілік талаптарды орындау барысында мұғалім кәсіби қызметін тиімді және кепілді атқаруға; 7. Білім сапасының өсуінен мектептегі үздік, екпінді оқушылардың санын арттыруға, сапалы білім беруге; 8. Деңгейлік курс, тренер, үйлестірушінің әлеуеті арқылы мектепке жаңашылдық енгізуге, мұғалімдерді бағдарлама мазмұнымен толық таныстыруға, жаңартылған оқытуға толықтай сеніммен көшуге; 9. Мектептегі тәрбие бағытын дамытуға арналған жобалар бойынша оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің белсенділігін арттыру; 10. Ата-аналарды мектептің алқалық басқаруына тарту арқылы тығыз әлеуметтік серіктестік қалыптастыру; 11. Мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту;	1. Ғимараттың ескірген инфрақұрылымы қазіргі заманғы деңгейде білім беру процесін сүйемелдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейуі; 2. Пән мұғалімдерінің жиі ауысуы мен тұрақтанбауынан білім сапасының төмендеуі; 3. Жоғары уәждемесі бар оқушылардың НЗМ ДББҰ-на, БИЛ-не оқуға түсулерінен оқушылар контингентінің, үздіктер мен екпінділер санының азаюы; 4. Кейбір оқушыларда жаңартылған білім беру мазмұнын меңгеруде құзіреттілігінің жеткіліксіздігі; 5. Ақпараттандырудың төмендігінен сабақта заманауи құралдарды қолдану, интернет ресурстарын тиімді пайдалана алмау қаупі болуы мүмкін;

2. Диагностикалық құралдар арқылы мектеп жұмысын талдау

«Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ бойынша мектеп жұмысына 3 жылдық талдау жасалды. Талдау 2 блоктан тұрады:

1-блок – білім сапасы;

2-блок – қауіпсіздік МТБ;

Блок 1. Білім сапасы.

1-блок бойынша талдау төмендегідей диагностикалық құралдар арқылы жүзеге асты:

1) оқыту мен оқуды талдау;


2) мектеп климатын талдау;

3) мектепті басқару.


Оқыту мен оқуды талдау

«Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ бойынша 2019-2020 оқу жылында 16 педагог (негізгі) жұмыс жасады.


Педагог кадрлардың жас шамасы бойынша жіктелуі: 30 жасқа дейінгі педагогтер – 6 (37,5%), 31 - 45 жас аралығындағы педагогтер - 3 (18,7%), 45 – 60 жас аралығындағы педагогтер – 4 (25%), 60 жастан жоғары педагогтер – 3 (18,7%) Орташа жас мөлшері – 41,3. Педагог кадрлардың басым бөлігі – жастар. 2018-2019 оқу жылымен салыстырғанда 30 жасқа дейінгі педагогтердің саны +4-ке артқан. (**№1 кесте**)



Педагогтердің жұмыс өтілі бойынша бөлінуі: 3 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтер – 5 (31,2 %), 4 – 8 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтер – 1(6,2%), 9 – 15 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтер – 1 (6,2%), 16 – 20 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтер – 1 (6,2%), 21 – 25 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтер – 2 (12,5), 26 – 30 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтер жоқ, 31 – 35 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтер – 3 (18,7%), 36 – 40 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтер – 2 (12,5), 40 жылдан жоғары еңбек өтілі бар педагогтер – 1 (6,2%) 2018-2019 оқу жылымен салыстырғанда 3 жылға дейінгі еңбек өтілі бар жас мамандардың саны +3-ке артқан. (**№2 кесте**)



Педагогтердің барлығы білім деңгейіне қарай жоғары білімді (100%) Жоғары оқу орнынан кейінгі магистратурада, жоғары оқу орнынан кейінгі PhD докторантурада оқып жатқан педагогтер жоқ. Педагог кадрлар біліктілік деңгейлеріне қойылатын талаптарға сай 5 жылда бір рет (мерзімінен бұрын да) аттестатталуға өтініш білдіріп отырады. Педагог кадрлардың санаттары бойынша жоғары санатты педагог – 5 (31,2%), бірінші санатты педагог – 1 (6,2%), санатсыз педагог – 6 (37,5%), ал педагог кадрлардың біліктілік деңгейлері бойынша педагог- модераторлардың саны - 1 (6,2%), педагог-зерттеушілердің саны – 3 (18,7%) Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда педагог-зерттеушілердің саны +3-ке артқан. (**№3 кесте**)



Педагогтер жыл сайын ПШО, «Өрлеу» БАҰО-ларда өз білімдерін жетілдіріп отырады. Оқытудың әдісі мен технологиясы бағыты бойынша 4 (25%) педагог курстарды тәмамдаған. Оның ішінде: «Тиімді оқыту» (3 (базалық) деңгей курсын – 2 (12,5%), «Мұғалімнің мектепте көшбасшы болуы» (2 (негізгі) деңгей курсын – 1 (6,2%), «Мұғалімнің педагогикалық қоғамда көшбасшы болуы» (1(озат) деңгей курсын - 1 (6,2%) педагог оқыған. Мектептегі менеджмент пен көшбасшы (мектеп басшыларына арналған 9 айлық курс) бағыты бойынша «Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдары басшыларының бағдарламасы» курсынан мектеп директоры өтпеген. 2020-2021 оқу жылында курстан өту жоспарланып отыр.

Орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша 9 мұғалім (56,2%) курстан өткен. Оның ішінде: қазақ тілі мен әдебиеті -1 (50%), орыс тілі мен әдебиеті -1 (50%), ағылшын тілі – 1 (100%), математика -3 (100%), химия -1 (100%), география -1 (100%), тарих -1 (100%). Орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша 5 мұғалім (43,7%) курстан өтпеген. Оның ішінде: қазақ тілі мен әдебиеті -1 (50%), орыс тілі мен әдебиеті -1 (50%), информатика -1 (100%), дене шынықтыру – 2 (100%).

Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау курстарынан 16 педагог те (100%) өтпеген. Мектеп тренерлері мен үйлестірушілер бағыты бойынша «Мұғалімнің іс-тәжірибесіндегі рефлексия» (оқыту және оқыту әдістері мен технологиялары бойынша мектеп тренерлері) курсынан 1 педагог (6,2%), мектептің критериалды бағалау бойынша үйлестірушілері курсынан 1 педагог (6,2%) өткен.


Жаңартылған орта білім мазмұны бойынша мектеп директорлары мен директор орынбасарларына арналған курстардан мектеп директоры -1 (100%), директордың орынбасарлары – 3 (100%) өткен.

Мектеп психологы – 1 (100%) ешқандай курстан өтпеген.

Мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру курстары бойынша жүргізілген диагностикадан төмендегідей кемшіліктер байқалады:

- Деңгейлік курстардан өткен мұғалімдердің аздығы;
- Орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша курстардан барлық пән мұғалімдерінің (43,7%) өтпегендігі;
- Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау курстарынан ешқандай мұғалімнің өтпегендігі;
- Мектеп психологінің курстардан өтпегендігі.

Ал, мектеп тренерлері мен үйлестірушілер бағыты бойынша және жаңартылған орта білім мазмұны бойынша мектеп директорлары мен директор орынбасарларына арналған курстардан өту деңгейі жоғары екені байқалады. (**№4 кесте**)



Соңғы 3 жылдағы оқытушылардың ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметі

Мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметі мектептің әдістемелік қызмет жұмысының бір бағыты болып табылады. Әр мұғалім өзінің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметімен айналысып, тәжірибесін жинақтайды. Сонымен қатар, оқушының зерттеу жұмысымен айналысуға бағыт-бағдар беруші жетекшісі ретінде оның шығармашылық қабілетін дамытуға әрекет етеді.

Ғылыми-әдістемелік қызмет мұғалімдерден арнайы қосымша білім мен тәжірибені талап етеді. Мұғалімдер білім деңгейін өздігінен білімдерін көтеру арқылы тиімді арттырып, тәжірибе алмасу арқылы өздерінің шығармашылық әлеуетін жинақтай отырып, жүйелеген тәжірибелерін мектептің әдістемелік кеңесінде әріптестерімен бөліседі.

Соңғы 3 жылда (2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдары) мектептің мұғалімдері озық педагогикалық тәжірибені тарату, аттестация үшін жетістіктер портфолиосын толықтыру мақсатында олардың мақалалары, әдістемелік ұсынымдарды ғылыми жинақтарға енгізілді.

Деңгейлер	Мақала жариялағандар көрсеткіші		
	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы
Облыстық	1 (16,6%)	3 (27,2%)	-
Республикалық	-	-	3 (18,8%)
Халықаралық	-	2 (18,1%)	-
Ескерту	жалпы мұғалім саны - 6 қатысушы саны – 1 (16,6%)	жалпы мұғалім саны - 11 қатысушы саны – 5 (45,4%)	жалпы мұғалім саны - 16 қатысушы саны – 3 (18,8%)

Осы берілген кестеден байқалғаны, ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қызметіне жүйелі түрде белсенді қатысушылар тұрақты 3 мұғалім, бұл жалпы санының 18,8% құрайды. (**№ 5 кесте**)

Соңғы 3 жылда (2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оқу жылы) мектеп оқушылары мен мұғалімдердің оқу, ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігі (пәндік олимпиадалар, ғылыми жарыстар, ғылыми-зерттеу жобалары, робототехника бойынша жарыстар және т. б.)

Оқушылардың шығармашылық және танымдық қызығушылықтарын, зерттеушілік қызметке қызығушылығын дамыту міндеттерін шешуде мектептің педагогикалық ұжымы дарынды оқушылармен мақсатты жұмыс жүргізеді. Дарынды және талантты балалармен жұмыс істеу жүйесі мектеп қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан, мектепте

дарынды оқушыларды қолдаудың өзіндік жүйесі қалыптасып, дарынды балалардың жетістіктерін анықтау үшін орта құрылған.

Мектепте дарынды және талантты балалармен жұмысты ұйымдастыру бойынша қызмет жүйесі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Дарынды және талантты балаларды анықтау және оларды сүйемелдеу.
2. Дарынды балалардың зияткерлік - шығармашылық әлеуетін дамыту және іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау, дарынды оқушыларға олардың шығармашылық бағыттарында өзін-өзі іске асыруға көмек көрсету.
3. Дарынды балаларды көтермелеу.
4. Дарынды балалармен жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру.
5. Дарынды баланың отбасымен жүйелі қарым-қатынас жасау.

Дарынды балаларды қолдау аясында мектепте оқушылардың шығармашылық белсенділігін, өз білімі мен жетістіктерін альтернативтік бағалау және оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту мақсатында оларды түрлі оқу-зерттеу жұмыстарына (пәндік олимпиадалар, ғылыми конкурстар, ғылыми жобалар, робототехника бойынша жарыстар және т.б.) қатыстыру жұмысы жүйелі іске асырылады. Дарынды баланың жеңіске және зияткерлік конкурстар мен олимпиадаларға қатысуға деген ұмтылысы өз біліміне, мүмкіндігіне қанағаттануын көрсетеді.

Деңгейлер	Жүлдегерлер саны		
	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы
Облыстық	5 (6,1%)	9 (7,5%)	11 (6,5%)
Республикалық	2 (2,4%)	27 (22,5%)	29 (17,1%)
Халықаралық	6 (7,4%)	38 (31,6%)	40 (23,6%)
Ескерту	Жалпы оқушы саны - 81 Жүлдегерлер саны – 13 /16%	Жалпы оқушы саны - 120 Жүлдегерлер саны – 74 /61,6%	Жалпы оқушы саны - 169 Жүлдегерлер саны – 80 /47,3%

Осы кестеден 3 жыл бойы 5-8 сынып оқушылары әртүрлі байқаулар мен марафондарға қатысып, жүлдегерлер санының өсу өрісін көруге болады. Соңғы көрсеткіштен, түрлі деңгейдегі конкурстар, жарыстар, олимпиадаларға тұрақты қатысушылар саны –80 оқушыға жеткені байқалды, бұл оқушылардың жалпы санынан 47,3% құрайды;

Соңғы екі жылда (2018-2019, 2019-2020 оқу жылдары) 5-8 сынып оқушыларының Республикалық Дарын ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткізілген республикалық «Ақбота» зияткерлік марафонына, Халықаралық «Кенгуру-лингвист», «Кенгуру-математик», «Золотое руно», «Русский медвежонок», «British Bulldog» зияткерлік олимпиадаларына, Халықаралық «URFODU» негізгі пәндер олимпиадасына, жалпы білім беретін пәндер бойынша онлайн олимпиадаларға қатысу белсенділіктері артты. Сонымен қатар, 7-8 сынып оқушылары Республикалық

юниор олимпиадасының облыстық кезеңіне қатысып, жүлделі орындарға ие болса, 2019-2020 оқу жылында 8 сынып оқушылары алғаш рет Республикалық пән олимпиадасының облыстық кезеңіне қатысып, облыстың 9 сынып оқушыларымен бақ сынасты.

Оқушыларды қосымша біліммен қамтамасыз ету, дарынды балаларды олардың бейімділіктеріне, қабілеттеріне, мүмкіндіктеріне байланысты оқыту, тәрбиелеу, дамыту мақсатында сыныптан тыс оқыту қызметі таңдау мен элективті курстар, «Олимпиада резервтері» мектебінің жұмысы арқылы жүзеге асырылды. Оқушының зерттеу жұмысын жүргізуде олардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруға, нақты шешім қабылдауда дербестікке тәрбиелеуге, ынтымақтастық дағдыларын дамытуға, зерттеу мәселелерін ұжымдық шешу үдерісінде өзара көмек көрсетуге және қолдауға бағытталып ұйымдастырылды. Олимпиада резервтері мектебіне қатысатын оқушылар саны - 45 адам (5 сынып – 10, 6 сынып – 10, 7 сынып - 12, 8 сынып – 13 адам) бұл оқушылардың жалпы санынан 26,6% құрайды. (**№ 5 кесте**)

Туындаған мәселе: мұғалімдердің оқушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына дайындау жұмыс жүйесінің жеткіліксіздігі. Көптеген олимпиада, конкурстардың ақылы болуынан оқушылардың қатысуларының аздығы.

Мәселені шешу жолдары: ата-аналармен ынтымақтастық орнату, демеушілерді тарту; Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмаларды дайындау мектеп бағдарламасының шеңберінен тыс екенін ескере отырып, дарынды және оқуға танымдық қызметі жоғары оқушылармен жұмыс жүйесін жетілдіру;

Мұғалімдердің соңғы 3 жылдағы педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысуы.

Әдістемелік жұмыстың маңызды нысандарының бірі мұғалімдердің кәсіби және әдістемелік шеберлігін арттыруға ықпал ететін семинарлар, мастер-класстар, педагогикалық шеберлік конкурстар, байқаулар болып табылады. Осы іс-шараларға қатысуда мұғалімдерге өз шығармашылығын көрсетуге, жинақталған тәжірибесімен бөлісуге, жаңа технологияларды қолдануда өз іскерліктерін көрсетуге, АКТ құзыреттіліктерін меңгеруге және өз әріптестерінің объективті, сауатты, құзыретті пікірін алуға мүмкіндік туды.

Деңгейлер	Жүлдегерлер саны		
	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы
Облыстық	1 (16,6%)	1 (9%)	1 (6,3%)
Республикалық	1 (16,6%)	-	3 (18,7%)
Халықаралық	-	-	-
Ескерту	жалпы мұғалім саны - 6 жүлдегерлер саны – 2 (33,3%)	жалпы мұғалім саны - 11 жүлдегерлер саны – 1 (9%)	жалпы мұғалім саны - 16 жүлдегерлер саны – 4 (25%)

Келтірілген кестеден педагогтардың соңғы 3 жылдағы педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысу көрсеткішінің өсу өрісі байқалады.

Мұғалімдердің педагогикалық шеберлік байқауларына қатысулары олардың кәсіби деңгейін анықтауға мүмкіндік берді:

- педагогтың кәсіби өсуіне, одан әрі шығармашылық дамуына, бар ынта жігерімен жұмыс істейтін педагогтарды анықтауға ықпал етті;

- шеберлік конкурстарға қатысу - бұл педагогтың кәсіби өсуі ғана емес, сонымен қатар оның білім алушыларының зияткерлік қабілеттерінің өсіп, түрлі конкурстарға қатысу белсенділіктерінің артқанын көрсетті. **(№ 6 кесте)**

2019-2020 оқу жылының басындағы мұғалімдердің апталық жүктемесі төмендегідей:

- 0,5-ке дейінгі жүктеме – 2 педагог (12,5%);
- 0,5-1 жүктеме аралығы - 2 педагог (12,5%);
- 1-1,5 жүктеме аралығы - 6 педагог (37,5%);
- 1,5 жүктеме – 2 педагог (12,5%);
- 1,5 жүктемеден жоғары – 2 педагог (12,5%).

1,5 жүктемеден жоғары мұғалімдерге: М.А.Сариноваға- орыс тілі пәні бойынша, Э.Д. Каратауоваға – ағылшын тілі пәні бойынша өндірістік қажеттілікке сай 1,6 жүктемеден берілген. **(№ 7 кесте)**

2019-2020 оқу жылының басында мектеп әкімшілігінің саны – 4-еу болды. Олардың апталық жүктемесі төмендегідей:

- Директор Л.С. Мукишева – 40 сағат (1 жүктеме);
- Директордың ОІЖ орынбасары Д.О.Капарова – 20 сағат (0,5 жүктеме);
- Директордың ТІЖ орынбасары – А.Б.Муханбетжанова –20 сағат (0,5 жүктеме);

Директордың БОЖ орынбасары – Г.О. Сейтмаганбетова – 40 сағат (1 жүктеме) **(№ 8 кесте)**

Мектепте жалпы 10 оқу кабинеті бар. Олар:

- Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті – 1;
- Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті – 1 ;
- Математика кабинеті – 1;
- Информатика- 1;
- химия – 1;
- физика -1;
- тарих – 1;
- Ер балаларға арналған көркем еңбек шеберханасы -1
- Қыз балаларға арналған көркем еңбек шеберханасы -1
- Робототехника -1

Сынып-жинақтарға және типтік оқу жоспарына сәйкес кабинеттердің апталық жүктемелері дүйсенбі-жұма аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша – 32 сағат, орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша – 21 сағат, ағылшын тілі пәні бойынша – 21 сағат, математика пәні бойынша – 29 сағат, Информатика пәні бойынша – 7 сағат, биология пәні бойынша – 3 сағат, химия пәні бойынша – 3 сағат, физика пәні бойынша – 3 сағат, тарих пәні бойынша – 18 сағат, өзін-өзі тану пәні бойынша – 7 сағат, музыка пәні

бойынша – 4 сағат, робототехника үйірмесі бойынша – 8 сағат, ер балаларға арналған көркем еңбек пәні бойынша – 11 сағат, қыз балаларға арналған көркем еңбек пәні бойынша – 11 сағатты құрайды.

Сынып-жинақтарға және типтік оқу жоспарына сәйкес төмендегідей пән кабинеттері жеткіліксіз болғандықтан, басқа пән кабинеттерімен бірлестіріле оқытылады:

- ағылшын тілі – химия;
- биология – физика;
- география – көркем еңбек;
- өзін-өзі тану – физика;
- музыка – көркем еңбек;
- спортзал – гимнастика залы. **(№ 9 кесте)**

«Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ бойынша 2019-2020 оқу жылының басында 173 оқушы болса, оқу жылының соңында 169 оқушы қалды. 5 оқушы отбасылық жағдайына байланысты Қарағанды облысының мектептеріне (Ұлытау ауданы, Жезді кенті – 1, Сәтбаев қаласы – 1, Жезқазған қаласы - 3) ауысты, ал 1 оқушы Қарағанды облысы «Дарын» мектебінен отбасылық жағдайына байланысты ауысып келді.

Мектеп бойынша жиынтық сыныптар саны-7. Олардың ішінде, 5-сыныптар-2, 6-сыныптар-2, 7-сыныптар-2, 8-сыныптар-1. Бір сыныптағы оқушылар саны:

- 5-сыныптар – 50;
- 6-сыныптар – 47;
- 7-сыныптар – 48;
- 8-сынып – 24. **(№ 10 кесте)**

Мектеп оқушыларының соңғы 3 жылдағы іс-шараларға қатысу нәтижелілігі

Оқушылардың шығармашылық және танымдық қызығушылықтарын, зерттеушілік қызметке қызығушылығын дамыту міндеттерін шешуде мектептің педагогикалық ұжымы дарынды оқушылармен мақсатты жұмыс жүргізеді. Дарынды және талантты балалармен жұмыс істеу жүйесі мектеп қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан, мектепте дарынды оқушыларды қолдаудың өзіндік жүйесі қалыптасып, дарынды балалардың жетістіктерін анықтау үшін орта құрылған.

- Мектепте дарынды және талантты балалармен жұмысты ұйымдастыру бойынша қызмет жүйесі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:
- 1. Дарынды және талантты балаларды анықтау және оларды сүйемелдеу.
- 2. Дарынды балалардың зияткерлік — шығармашылық әлеуетін дамыту және іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау. Дарынды оқушыларға олардың шығармашылық бағыттарында өзін-өзі іске асыруға көмек көрсету.
- 3. Дарынды балаларды көтермелеу.

- 4. Дарынды балалармен жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру.
- 5. Дарынды баланың отбасымен жүйелі қарым-қатынас жасау.
- Дарынды балаларды қолдау аясында мектепте оқушылардың шығармашылық белсенділігін, өз білімі мен жетістіктерін альтернативтік бағалау және оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту мақсатында оларды түрлі оқу-зерттеу жұмыстарына (пәндік олимпиадалар, ғылыми конкурстар, ғылыми жобалар, робототехника бойынша жарыстар және т.б.) қатыстыру жұмысы жүйелі іске асырылады. Дарынды баланың жеңіске және зияткерлік конкурстар мен олимпиадаларға қатысуға деген ұмтылысы өз біліміне, мүмкіндігіне қанағаттануын көрсетеді.

Деңгейлер	Жүлдегерлер саны		
	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы
Облыстық	5 (6,1%)	9 (7,5%)	11 (6,5%)
Республикалық	2 (2,4%)	27 (22,5%)	29 (17,1%)
Халықаралық	6 (7,4%)	38 (31,6%)	40 (23,6%)
Ескерту	Жалпы оқушы саны - 81 Жүлдегерлер саны – 13 /16%	Жалпы оқушы саны - 120 Жүлдегерлер саны – 74 /61,6%	Жалпы оқушы саны - 169 Жүлдегерлер саны – 80 /47,3%

- Осы кестеден 3 жыл бойы 5-8 сынып оқушылары әртүрлі байқаулар мен марафондарға қатысып, жүлдегерлер санының өсу өрісін көруге болады. Соңғы көрсеткіштен, түрлі деңгейдегі конкурстар, жарыстар, олимпиадаларға тұрақты қатысушылар саны –80 оқушыға жеткені байқалды, бұл оқушылардың жалпы санынан 47,3% құрайды;
- Соңғы екі жылда (2018-2019, 2019-2020 оқу жылдары) 5-8 сынып оқушыларының Республикалық Дарын ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткізілген республикалық «Ақбота» зияткерлік марафонына, Халықаралық «Кенгуру-лингвист», «Кенгуру-математик», «Золотое руно», «Русский медвежонок», «British Bulldog» зияткерлік олимпиадаларына, Халықаралық «URFODU» негізгі пәндер олимпиадасына, жалпы білім беретін пәндер бойынша онлайн олимпиадаларға қатысу белсенділіктері артты. Сонымен қатар, 7-8 сынып оқушылары Республикалық юниор олимпиадасының облыстық кезеңіне қатысып, жүлделі орындарға ие болса, 2019-2020 оқу жылында 8-сынып оқушылары алғаш рет Республикалық пән олимпиадасының облыстық кезеңіне қатысып, облыстың 9 сынып оқушыларымен бақ сынасты.
- Оқушыларды қосымша біліммен қамтамасыз ету, дарынды балаларды олардың бейімділіктеріне, қабілеттеріне, мүмкіндіктеріне байланысты оқыту, тәрбиелеу, дамыту мақсатында сыныптан тыс оқыту қызметі таңдау мен элективті курстар, «Олимпиада резервтері» мектебінің жұмысы арқылы жүзеге асырылды. Оқушының зерттеу жұмысын жүргізуде олардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруға, нақты шешім қабылдауда дербестікке тәрбиелеуге, ынтымақтастық дағдыларын дамытуға, зерттеу

мәселелерін ұжымдық шешу үдерісінде өзара көмек көрсетуге және қолдауға бағытталып ұйымдастырылды. Олимпиада резервтері мектебіне қатысатын оқушылар саны - 45 адам (5 сынып – 10, 6 сынып – 10, 7-сынып - 12, 8 сынып – 13 адам) бұл оқушылардың жалпы санынан 26,6% құрайды. (**№11 кесте**)

- **Туындаған мәселе:** мұғалімдердің оқушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына дайындау жұмыс жүйесінің жеткіліксіздігі. Көптеген олимпиада, конкурстардың ақылы болуынан оқушылардың қатысуларының аздығы.
- **Мәселені шешу жолдары:** ата-аналармен ынтымақтастық орнату, демеушілерді тарту; Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмаларды дайындау мектеп бағдарламасының шеңберінен тыс екенін ескере отырып, дарынды және оқуға танымдық қызметі жоғары оқушылармен жұмыс жүйесін жетілдіру.

Соңғы 3 жылдағы білім деңгейі және оқу үлгерімінің сапасы (2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оқу жылы).

Соңғы 3 жыл бойынша сыныптар разрезіндегі білім сапасы мен үлгеріміне диагностика жүргізу барысында төмендегідей нәтиже анықталды:

- 2017-2018 оқу жылында мектеп алғашқы ашылған жылы барлығы 81 оқушы болған. Оның 71-і –қазақ тобы, 10-ы – орыс тобы. 5-сыныптарда 48 оқушының (барлығы қазақ тобы) 13-і оқу озаты (27%), 31-і екпінді (64,5%). Білім сапасы – 91,6 %. 6- сыныптарда барлығы – 33 оқушы. Оның ішінде 10 оқушы – орыс тобы, 23 оқушы – қазақ тобы. Орыс тобы бойынша 10 оқушының 7-еуі екпінді (70%) , қазақ тобы бойынша 23 оқушының 1-еуі оқу озаты (4,3%), 17-сі екпінді (73,9%). Білім сапасы - 75,7%.

Жалпы мектеп бойынша оқу озаты – 14 (17,2%), оқу екпінділері – 55(67,9%), білім сапасы – 85,1%.


- 2018-2019 оқу жылында барлығы 120 оқушы болды. Оның 112-сі қазақ тобы, 8-і орыс тобы. 5-сыныптарда 48 оқушының (барлығы қазақ тобы) 10-ы оқу озаты (20,8%), 28-і екпінді (58,3%). Білім сапасы – 79%. 6- сыныптарда барлығы – 43 оқушы. Оның ішінде 5 оқушы оқу озаты (11,6%), 29 оқушы оқу екпіндісі (67,4%). Білім сапасы - 79%. 7-сыныптарда барлығы – 29 оқушы. Оның 21-і қазақ, 8-і орыс тобы. Орыс тобы бойынша 8 оқушының 4-еуі екпінді (50%), қазақ тобы бойынша 12 оқушы екпінді (57%). Білім сапасы- 55%.

Жалпы мектеп бойынша оқу озаты – 15 (12,5%), оқу екпінділері – 73(60,8%), білім сапасы – 73,3%.

- 2019-2020 оқу жылында барлығы 169 оқушы болды. Барлығы да қазақ тобы. 5-сыныптарда 50 оқушының 4-еуі оқу озаты (8%), 34-і оқу екпіндісі (68%), білім сапасы - 76%. 6-сыныптарда 47 оқушының 5-еуі оқу озаты(10,6%), 29-ы оқу екпіндісі (61,7%), білім сапасы – 72,3%. 7-сыныптарда 48 оқушының 5-еуі оқу озаты(10,4%), 30-ы оқу екпіндісі (62,5%), білім сапасы – 72,9%. 8-сыныпта 24 оқушының 13-і екпінді (54%). Білім сапасы - 54%.

Жалпы мектеп бойынша оқу озаты – 14 (7,6%), оқу екпінділері – 108(63,9%), білім сапасы – 72,1%.

Білім сапасы мен оқу үлгерімін салыстырмалы түрде алсақ, 2018-2019 оқу жылында 2017-2018 оқу жылына қарағанда білім сапасы -2,4-ке, ал 2019-2020 оқу жылында алдыңғы жылмен салыстырғанда – 1,2-ге кемігендігін көреміз. 5-сыныптарда оқу озаттарының саны да кеміген. 2018-2019 оқу жылында – 3-ке, 2019-2020 оқу жылында -6-ға кеміген. Жалпы мектеп бойынша оқу озаттарының саны бір қалыпты, ал оқу екпінділерінің саны артып отырғандығын көреміз. (**№12 кесте**)



Жекелеген пәндер бойынша соңғы 3 жылдың білім сапасына талдау жасайтын болсақ, 2018-2019 оқу жылында 2017-2018 оқу жылымен салыстырғанда қазақ тілі (- 4,4), қазақ әдебиеті (-5,8), орыс тілі (-37,5), орыс әдебиеті (-37,5), орыс тілі мен әдебиеті (-15,4), ағылшын тілі (-5,3), информатика (-3,4), жаратылыстан (-3,4) пәндерінен кему динамикасы, ал математика (+2,1), Қазақстан тарихы (+9,5), дүниежүзі тарихы (+7,8) пәндерінен өсу динамикасы байқалады. 2019-2020 оқу жылында қазақ тілі (+7,3), қазақ әдебиеті (+8,2), орыс тілі мен әдебиеті (+1,6), математика (+3,2), алгебра (+15,8), геометрия (+13), информатика (+2,8), жаратылыстану (+2,3) пәндерінен өсу динамикасы байқалса, ағылшын тілі (-0,5), физика (-7,7), химия (-3,5), география (-4,2), Қазақстан тарихы (-2,4), дүниежүзі тарихы (-4,2) пәндерінен кему динамикасы байқалады. Биология пән бойынша білім сапасы бір қалыпты. (**№13 кесте**)

Сонымен қатар жекелеген пәндер бойынша соңғы 3 жылда 1 сабақтан «3»-тік баға алған оқушылардың да саны артып отыр. 2017-2018 оқу жылында 4 оқушы болса, 2018-2019 оқу жылында 6 оқушы (+2), ал 2019-2020 оқу жылында 28 оқушы (+22) болған.

Бір ғана «3»-пен қорытылған оқушылар мен пәндер:

- 2017-2018 оқу жылында орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 1, қазақ әдебиеті пәнінен 1, ағылшын тілі пәнінен 1, математика пәнінен 1 оқушы;
- 2018-2019 оқу жылында орыс тілі мен әдебиеті 3, математика 2, алгебра 1 оқушы;
- 2018-2019 оқу жылында орыс тілі мен әдебиеті 14, математика 2, ағылшын тілі 1, Қазақстан тарихы 1, физика 1, химия 3, геометрия 6 оқушы.

Ең көп 1 «3»-тік баға орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша. (**№14 кесте**)

Білім сапасының кему себептері:

- 6-сыныптан кейін балалардың НЗМ, БИЛ мектептеріне түсуі;

- бала санының жыл сайын артуы (2018-2019 оқу жылында +31-ге, 2019-2020 оқу жылында +46-ға);
- пән мұғалімдерінің ауысуы.

Мектептегі климаттық талдау

Мектептегі климат дегеніміз - мектептегі оқу процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы негізінде пайда болатын психологиялық байланыстарының эмоционалдық көрінісі. Бұл топтың тұрақты жағдайы, салыстырмалы түрде тұрақты және типтік эмоционалдық көңіл-күй, бұл мектепшілік өзара іс-қимыл мен тұлғааралық қатынастардың нақты жағдайын көрсетеді.

Психологиялық жайлылық тек баланың дамуы мен білімді игеру үшін ғана қажет емес. Балалардың физикалық жағдайы осыған байланысты. Нақты жағдайларға, белгілі бір білім беру және әлеуметтік ортаға бейімделу, ізгілік атмосферасын құру балалардың денсаулығын бұзатын шиеленістер мен жүйке ауруларын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Сондықтан мектептер мен сыныптарда қолайлы моральдық-психологиялық климаттың болуы баланың жеке басының сәтті дамуына маңызды жағдай болып табылады.

Сонымен қатар, мектеп ұжымының әр мүшесі үшін қолайлы атмосфера мектептің әлеуетін дамытудың алғышарты болады және команданың мектептің жалпы істеріне деген оң көзқарасынан көрінеді. Бұл эмоционалды деңгейде, ең алдымен, жалпы құндылық бағдарлары, моральдық нормалар мен мүдделермен анықталатын ұжым мүшелерінің жеке және іскерлік қатынастарында көрінеді.

Біз оқу жетістіктерінің маңызды факторларының бірі болып табылатын мектеп климатына талдау жасау мақсатында келесі санаттар бойынша сұқбат пен сауалнамалар алынды:

1. Мектеп әкімшілігімен сұқбат;
2. Мұғалімдерге арналған сауалнама;
3. 8- сынып оқушыларына арналған сауалнама;
4. Ата-аналарға арналған сауалнамалар.

Мектеп әкімшілігімен сұқбаттасуға 4 педагог қатысты. Олар:

- мектеп директоры Л.С. Мукишева;
- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.О. Капарова;
- директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Г.О. Сейтмаганбетова;
- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Б. Муханбетжанова.

Сұқбатты мектеп психологі Т.Ж. Тамабай жүргізді. Сұқбаттасу барысында жалпы 20 сұрақ қойылды. Сұқбат нәтижесі бойынша педагогтерге қатысты төмендегідей көзқарастар анықталды:

- мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдердің кәсіби өсуі мен жеке даму үшін жағдай жасалынған;
- педұжымдағы әрбір мүшеге қолдау мен көмек көрсетіледі,
- педагогтердің құқықтары мен заңды мүдделері қорғалған.

Сұқбат барысында мектеп директоры мен директор орынбасарлары барлық пән мұғалімдерінің сабақтарына арнайы құрылған кесте бойынша аптасына 1-2 рет қатысатындықтарын және оларға сабақтарын жақсарту бойынша кері байланыстар беретінін, айына 1-2 рет белгілі бір оқушыларды

оқытудағы үдерісті талқылайтынын, кәсіби дамудың бірлескен іс-шараларына айына 1-2 рет қатысатынын көрсеткен. Мұғалімдердің кәсіби дамулары үшін түрлі сайыстарға қатыстыру, айына 1 рет әдістемелік семинарлар өткізу, «Lesson study» зерттеу тобының жұмысын ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі.

Жаңартылған бағдарлама мазмұнын жүзеге асыру барысында төмендегідей қиындықтар кездеседі:

- уақытты тиімді ұйымдастыру;
- тілдер үшін айтылым дағдысын орындату;
- БЖБ, ТЖБ кезінде күнделікті сабаққа белсене қатысатын оқушылардың төмен балл алып қалуы;
- Тапсырмаларды құрау көп уақытты қажет ететіндігі;
- БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын тексеру көп уақытты қажет ететіндігі.

Мектептің оқу-тәрбие процесіне байланысты жетістіктер :

- Мектепте «STEM» білім беру, «Lesson Study», «Дамытушылық сұқбат» сияқты зерттеу сабақтары мен жаңаша оқыту әдістері қолданылады;
- Оқушылардың білім алулары үшін жағдай жасалған;
- Математика пәніне көбірек көңіл бөлінген: математика пәні топқа бөлініп оқытылады, сонымен қатар аталған пәнге оқу жоспарына сай мамандандырылған компонент есебінен және вариатив сабақтары есебінен қосымша сағаттар бөлінген;
- Оқушыларды БЖБ, ТЖБ емтихандарына дайындау үшін кестеге сай қосымша сабақтар өткізіледі;
- Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепте түрлі үйірмелер мен курстар: тоғызқұмалақ, күрес, волейбол, шахмат, жас шебер, ән үйірмелері мен пән бойынша курстар т.б. жұмыс жасайды;
- Мектепте жоспарға сай тәрбиелік іс-шаралар өткізіледі. Мәселен, айына 1 рет қаламызға, өңірімізге еңбегімен, өнерімен танылған тұлғалармен кездесулер ұйымдастырылады, «Спорт және мен», «Кел, сайысайық!» сияқты спорттық сайыстар, «Үздік әнші», «Үш жұлдыз», «Көркемсөз шебері», «Жарқын болашақ», дебат ойындары сияқты шығармашылық сайыстар мен байқаулар да тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Сонымен қатар, әр сынып жетекшісі өз сыныптарымен жоспарға сай апта сайын сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастырады. Әр сыныпқа айтулы мейрамдар бөлінген, сол күнгі безендірулер мен ұйымдастырылуына сол сынып жауапты болады;
- Оқушылардың үй жұмыстарын орындауын қадағалау, сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында айына 1 рет мониторинг жүргізіледі (мониторинг нәтижесі бойынша әр сыныптан үздік шыққан оқушылар мектеп жиынында әкімшілік тарапынан Алғыс хаттарға ие болады);
- Мектептегі ең жоғарғы сынып 8-сынып болғандықтан, «Өзін-өзі басқару» ұйымы осы оқушылардан құрылған. Ұйымның президенті - Жұман Бансұлу. «Өзін-өзі басқару» ұйымы өте жақсы жұмыс жасайды. Барлық мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға көмектеседі. Оқушылардың мектеп формасын, тазалығын қарауға, мектептегі тәртіпті ұйымдастыруға атсалысады. Жекелеген оқушылармен жұмыстар жүргізеді;

- Мектептегі тамақтану жалға алушылар есебінен жүргізіледі. Күнделікті түскі асқа бірінші және екінші тағамдар беріледі. Құны – 400 тг.

Мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға байланысты кездескен қиындықтар :

- Мектепте акт залының, спортзалдың болмауына байланысты тәрбиелік, спорттық іс-шараларды өз деңгейінде ұйымдастыра алмау;
- Материалдық-техникалық базаның жеткіліксіз болуына байланысты сабақта әр түрлі жұмыс түрлерін пайдалана алмау, озық тәжірибелерді тарата алмау;
- Педагог кадрлардың жеткіліксіз болуына байланысты қоса қызмет атқарушы педагогтердің (40,7%) жұмыс жасауы.

Мектептің оқу-тәрбие процесін жақсартуға байланысты жоспарлар мен шешімдер:

- Қаламыздағы тәжірибелі педагог кадрлады жұмысқа тарту;
- Оқу-тәрбие процесіне озық тәжірибелерді енгізу;
- Озық тәжірибелі мұғалімдердің жұмыстарын қала, облыс көлемінде тарату;
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу;
- Мектепті электрондық ресурстармен, техникалық жабдықтаулармен қамтамасыз ету, әдістемелік материалдар мен көркем әдебиеттермен толықтыру;
- Оқушылардың, мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық сауаттылықтарын арттыру;
- Кәсіптік бағдар бойынша жұмыстарды тиімді жүргізу.

Мұғалімдерге арналған сауалнама

Мұғалімдерге арналған сауалнамаға 12 мұғалім қатысты. Сауалнаманы мектеп психологі Т.Ж. Тамабай жүргізді. Сауалнамада жалпы 35 сұрақ қойылды. Сауалнама төмендігедей бөлімдерден тұрды:

1. Өзі туралы ақпарат;
2. Еңбек мазмұнымен, жағдайымен қанағаттану деңгейі;
3. Әріптестерімен қарым-атынас деңгейі;
4. Оқушылармен қарым-қатынас деңгейі;
5. Мектеп басшысымен қарым-қатынас деңгейі;
6. Директордың орынбасарларымен қарым-қатынас деңгейі;
7. Ұжым қалыптастыруда қосқан үлесіне өзіндік бағалау;
8. Басшылықтың демократияландыру және ізгілендіру деңгейі;

Сауалнама нәтижесіне тоқталар болсақ, «Еңбеке мазмұнымен, жағдайымен қанағаттану деңгейі» бөлімі бойынша 75% педагог өз еңбегінің мазмұнымен қанағаттанатынын айтқан. Мұғалімдерге педагогикалық қызмет балалармен қарым-қатынас жасау, өздеріне ұнайтын пәнді оқыту мүмкіндігінің болғаны үшін және қоғамға педагогикалық еңбектің пайдасы болғандығы үшін ұнайды екен. Ал, 25% педагог жауап беруде қиналатынын жеткізген. «Еңбек жағдайымен қанағаттану» бөлімі бойынша 100% мұғалім қанағаттанбайтындығын көрсеткен. Оның себептері: кабинеттің жеткіліксіздігі, АКТ көрнекі құралдардың аздығы, зертханалық жабдықтар мен реактивтердің толық болмауы, мұғалімдер үшін асхананың болмауы, мұғалімдердің демалулары үшін бөлменің болмауы, спорт залдың, жиын залының болмауы т.б.

«Әріптестерімен қарым-қатынас деңгейі» бөлімі бойынша 75% педагог қанағаттанатынын, 16,6% жауап беруге қиналатынын, 8,3% толық қанағаттанбайтынын көрсеткен. 65% педагог мектеп ұжымында өзара құрмет, үлкенді сыйлау, қолдау көрсету, бір-біріне қол ұшын беру сияқты ізгі қасиеттер орын алғандығын көрсетсе, 10% педагог жеке тұлға ретінде құрметтеу жеткіліксіз деңгейде, шығармашылық өсуіме көбінесе қол ұшын бере бермейді деп көрсеткен.

«Оқушылармен қарым-қатынас деңгейі» бөлімінде 91,6% педагог өздерінің оқушылармен қарым-қатынасы қанағаттандыратынын жеткізген. Олардың қарым-қатынасының жақсы болуына балаларға жеке тұлғаретінде қарауы, олардың оқуын әділ бағалау, жиі көтермелеу дауыс көтеріп сөйлемей әсер етеді екен. 8,3% педагог өзінің оқушылармен қарым қатынасы қанағаттандырмайтынын және оған себеп оқушылардың пәнге деген қызығушылығының болмауы деп көрсеткен.

«Мектеп басшысымен қарым-қатынас деңгейі» бөлімінде 91,6% педагог мектеп директорының мұғалімдерге деген қарым-қатынасы жақсы, әрбір мұғаліммен сыпайы сөйлеседі, мұғалімдердің шығармашылық ойларын көтермелейді, әрбір мұғалімнің жағдайынан хабардар деп атап көрсеткен. 8,3% педагог директормен сөйлесуде ыңғайсыздық туындайтындығын және оқу-тәрбие процесінде туындыған мәселелерді директормен талқылауда өзінің тарапынан кедергілер болатындығын көрсеткен.

«Директордың орынбасарларымен қарым-қатынас деңгейі» бөлімінде 83,3% педагог директордың орынбасарларының мұғалімдерге деген қарым-қатынасы жақсы, сөйлесу барысында өте сыпайы, мәдениетті сөйлеседі, әдістемелік көмек көрсетеді, өздерін үлгі етіп, басқаларды жұмысты жетілдіруге тартады деп көрсеткен. 16,6% педагог жауап беруде қиналамын деп көрсеткен.

«Ұжым қалыптастыруда қосқан үлесіне өзіндік бағалау» бөлімінде 83,3% педагог педагогтің өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқы ұжымдағы психологиялық жағдайды орнатуға әсер ететі деп есептейтінін көрсеткен. Педагогтер ұжымдағы қарым-қатынасты орнатуға әріптестермен қарым-қатынаста сыпайылық, әдептілік таныту, оқушыларға тұлға ретінде қарау, әділ болу әсер етеді деген. Сонымен қатар ұжымда жанжалдар болмайтындығын, бірақ ұйымшылдықтың төмен екенін атап көрсеткен. Ал 16,6% педагог жауап беруде қиналамын деп белгілеген.

«Басшылықтың демократияландыру және ізгілендіру деңгейі» бөлімі бойынша 100% педагог кез келген жағдайда педкеңестерде, жиналыстарда өз ойын, сыни ескертулерін ашық айта алатындықтарын, оған мүмкіндіктер берілгендігін айтқан. Айтылған ескертулер мен ұсыныстар, пікірлер әкімшілік тарапынан әрдайым назарға алынады, талқыланады деп көрсеткен. 75% мұғалім басқа жұмысқа ауыспаймын, мұғалім мамандығын өзім қаладым және осы мектепте жұмыс жасау маған ұнайды деп көрсетсе, 25% мұғалім басқа жұмысқа ауысуға болады, егер жалақысы көбірек болса деп жазған.

Қорытынды: Алынған сауалнама нәтижесі бойынша педагогтердің мектеп ұжымымен, оқушылармен қарым-қатынасына көңілдері толатындығын көруге болады.

Ұсыныс: Мектепте жағымды психологиялық ахуал туғызу, ұжымдық қарым-қатынасты арттыру мақсатында түрлі мектепшілік іс-шаралар ұйымдастыру.

Ата-аналарға арналған сауалнама

Ата-аналарға арналған сауалнамаға 129 ата-ана: 5-сыныптардан 43 ата-ана, 6-сыныптардан 32 ата-ана, 7-сыныптардан 39 ата-ана, 8-сыныптан 15 ата-ана қатысты. Сауалнаманы мектеп психологі Т.Ж. Тамабай алды. Сауалнамада жалпы 18 сұрақ қойылды.

Сауалнама нәтижесі бойынша 86,8% ата-ана балаларына «Өркен» мектебінде оқу ұнайтындығын айтқан, пән мұғалімдерінің сабақтары қызықты өтетіндігі, оқушылардың математикадан тереңдетілген білім алып жатқандықтары, балаларды бейімділіктеріне қарай қосымша біліммен қамтамасыз етіп жатқандықтары көңілімізден шығады деп көрсеткен. Сонымен қатар 100% ата-ана жаңартылған білім беру мазмұнын түсінгендіктерін, балаларының білімдерін қадағалау үшін Edu-Mark бағдарламасын қолданатындықтарын көрсеткен. Мектепте тоқсанына 1 рет ата-аналар жиналысы өтетіндігін, жиналыстардың тақырыптары да, өткізу формасы да әр түрлі екендіктерін көрсеткен. Кез келген жағдайда ата-аналар сынып жетекшісіне немесе пән мұғалімдеріне (сағат 18.00-ге дейін) ұялы телефон арқылы хабарласа алатындығы немесе сабақтың аяқталуына қарай жолыға алатындығы айтылған.

«Мектептегі ойыңыздан шықпайтын нәрселер» деген сауал бойынша 100% ата-ана мектеп ғимаратының ескі, тар екендігін, материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігін, жиын залы мен спорт залдың, кітапхананың жоқтығын, мектеп атауына (интернат) сәйкес еместігінен балалардың қатынап оқуға мәжбүр екендігін, оқулықтармен толық қамтамасыз етілмегендігін көрсеткен.

Мектептегі балалардың тамақтануы жалға алушылар есебінен жүргізіледі. 89 (68,9%) ата-ана мектептегі тамақтануды ұйымдастыру мен тамақ сапасына қанағаттанатындығын айтса, 40 (31%) ата-ана балаларының тамақтануына көңілі толмайтындықтарын, тамақтың мөлшері аз екендігін көрсеткен.

Мектеп өмірін, балалардың оқуға деген ынтасын жақсарту үшін ата-аналар тарапынан төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- Оқушыларды оқулықтармен 100% қамту;
- Мектептегі балалардың тамақтануына байланысты жалға алушылар тоқсанына 1 рет ата-аналар алдында есеп беру;
- Балалардың облыстық, республикалық деңгейдегі сайыстарға қатысуын қамтамасыз ету;
- БЖБ, ТЖБ тапсырмалары бойынша қатемен жұмысты барлық пән бойынша жүргізу;
- Ата-аналарға арналған ашық есік күндерін өткізу.

Оқушыларға арналған сауалнама

Оқушылардың оқуы және жалпы мектеп туралы пікірлерін білу, сондай-ақ білім беру мен оқытудың сапасын, мектептің ахуалын жақсартуға байланысты 8-сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнамаға 24

оқушы қатысты. Сауалнаманы мектеп психологі Т.Ж. Тамабай алды. Сауалнамада жалпы 20 сұрақ қойылды. Сауалнама нәтижесі бойынша 15 оқушы (62,5%) «Өркен» мектебінде оқу ұнайтындығын көрсетсе, 7 оқушы (29,1%) «жоққа» қарағанда «иә» басымырақ деп белгілеген, ал 2 оқушы (8,3%) «иә» дегенге қарағанда «жоқ» басымырақ деп көрсеткен. Мектептің негізгі міндеті ретінде:

- 14 оқушы (58,3%); – жеке тұлғаны тәрбиелеу
- 6 оқушы (20,8%); – әр оқушының қабілетін ашу және дамыту
- 4 оқушы (16,6%) – оқушылардың дербестігін және жеке жауапкершілігін дамыту деп алған. Мектептегі білім сапасы мен өзінің оқуына, оқудағы жетістіктеріне 17 оқушы (70,8%) «жақсы, ризамын» деп жауап берсе, 7 оқушы (29,1%) «қанағаттанарлық, жартылай ризамын» деп жауап берген. Оқушылардың білім сапасын жақсартуға, оқуда жетістіктерге жетуіне:
- Оқушыларды ынталандыру әдістері;
- Оқушыларды бағалау әдістері;
- Сабақта қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер көмектеседі деп көрсеткен.

Мектептегі әрбір оқушы сынып жетекшісінің немесе пән мұғалімінің көмегіне жүгіне алатындығын барлық 24 оқушы (100%) атап көрсетті.

Мектептегі оқу пәндері бойынша оқушылардың сүйікті пәндері ретінде төмендегілерді көрсеткен:

1. математика – 12 оқушы (50%)
2. қазақ әдебиеті – 5 (20,8%)
3. биология – 4 оқушы (16,6%)
4. география – 3 оқушы (12,5%)

Аталған пәндердің артықшылығы: пәнге деген қызығушылық, пән мұғалімдерінің сабақты қызықты өткізе алуы, болашақ мамандықтарымен байланыстылығы деп белгілеген.

Ал сүйікті ұстаздарының бар екендігін 14 оқушы (58,3%) көрсетсе, 10 оқушы (41,6%) барлық ұстаздарды құрметтейтінін, сүйікті ұстазының жоқ екендігін көрсеткен.

Мектептегі оқу пәндері бойынша күрделі пәндер ретінде төмендегі пәндерді алған:

1. химия - 11 оқушы (45,8%)
2. математика – 8 оқушы (33,3%)
3. биология – 3 оқушы (12,5%)
4. Қазақстан тарихы – 2 оқушы (8,3%)

Аталған пәндердің қиындықтарының себептері ретінде есептеуге байланысты болуы, термин сөздердің көп кездесуі, жаттауда қиындықтар туындайтындығы деп көрсеткен.

Мектептегі жобалау- зерттеу қызметі бойынша 24 оқушы (100%) 4 топқа бөлініп (әр топта 6 оқушыдан) Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, биология, жаратылыстану пәндерінен сабақ тақырыптарына қатысты шағын зерттеу жұмыстарын жүргізгендігін көрсеткен. Қазақстан тарихынан «Желтоқсан – алауын жаққан жүректер», қазақ әдебиетінен «Перифразалардың қолданысы», биологиядан «Емдік қасиеті бар өсімдіктер», жаратылыстанудан «Жасыл экономика» тақырыптарында жұмыс жүргізген.

Қосымша білім беруге байланысты сауалнамаға қатысқан 24 оқушының барлығы да (100%) мектептегі үйірмелер мен қосымша курстарға қатысатындығын, ал мектептен тыс үйірмелерге де баратындығын 10 оқушы (41,6%) көрсеткен. Мектептегі волейбол үйірмесіне 24 оқушы (100%), роботехника үйірмесіне 8 оқушы (33,3%), «Болашақ инженерлер» үйірмесіне 9 оқушы (37,5%), қазақша күрес үйірмесіне 8 оқушы (33,3%) қатысады.

Сауалнамаға қатысқан 8-сынып оқушылары мектепті бітіргеннен кейінгі жоспарларымен де бөлісті. Мектепті бітіргеннен кейін барлық 24 оқушы да (100%) оқуға түсу, жоғары оқу орнында оқу және жоғары білім алу, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін, одан әрі магистратурада оқуды жоспарлайтындығын көрсеткен. Білім деңгейі мен мамандық таңдалғаннан кейін өздерін «жалақысы көп білікті маман» (41,6%), «беделді жұмыс орнында істейтін маман» (33,3%) «ісіне адал дәрігер» (16,6), «білімді, білікті ұстаз» (8,3%) ретінде көреміз деп жауап берген.

Мектепте білім беру үдерісін жақсарту үшін оқушылар тарапынан төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- Кез келген мектепішілік іс-шара өткізерде өткізу барысы бойынша оқушылардың пікірі ескерілсе;
- Іс-шараларға қатысу деңгейі бойынша ынталандыру жұмыстары көбірек жүргізілсе;
- Мектептің материалдық-техникалық базасы толықтырылса;
- Күнделікті сабақтар бойынша үй жұмыстарын орындау деңгейлері жиынтық бағалаулар кезінде ескерілсе;
- Оқу процесіне заманауи білім беру бағдарламалары енгізілсе.

МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ

Мектепті басқару – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ол жайлы ғалым-педагог Н.Д.Хмель өзінің зерттеулерінде: «педагогикалық процесті басқару дегеніміз – әлеуметтік жүйені басқару» деп көрсеткен. Мектепті басқарудың басты мәні – оқыту мен тәрбиелеудегі оңтайлы нәтижені алу мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарына педагогтардың мақсатты бағытталған ықпал етуінен тұрады. «Өркен» мектебінің мектепті басқарудағы алқалық органдары төмендегідей кеңестер мен бірлестіктерден тұрады:

1. мектептің педагогикалық кеңесі;
2. мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктері (жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық);
3. мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесі;
4. мектептің аттестаттау комиссиясы;
5. мектептің сараптамалық кеңесі;
6. мектептің қамқоршылық кеңесі;
7. мектептің ата-аналары комитеті.

Мектептің педагогикалық кеңесі 02.09.2019 жылы №3 бұйрық негізінде құрылған. Педагогикалық кеңестің қызметі:

- оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;
- оқу жұмыс жоспарларын бекіту;
- білім беру қызметтерін ұсыну сапасы т.б. ;

Мектептің педагогикалық кеңесінің құрамында 14 мұғалім бар. Педагогикалық кеңестің төрайымы – мектеп директоры Л.С. Мукишева
Төрайымның орынбасары – оқу ісінің меңгерушісі Д.О. Капарова
Кеңес хатшысы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Е.Н. Қойшығара.

Педагогикалық кеңестің жұмысы бір оқу жылына әзірленген жұмыс жоспары бойынша тоқсанына бір рет және оқу жылының соңында жүргізіледі.

Кейде жоспардан тыс туындаған проблемаларды талдауға, оларды еңсеру жолдарын пысықтауға, рұқсат берілетін жүктемені анықтауға, оқыту режимі мен нысанын өзгерту қажеттігіне, педагогтердің немесе ата-аналардың сұраныстары бойынша ұйымдастырылауы мүмкін. Педагогикалық кеңестің барлық мүшелерінің 1/4 ұсынысы бойынша педагогикалық кеңестің жоспардан тыс отырысы өткізіледі. Педагогикалық кеңестің шешімі дауыс берушілердің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда төраға дауысы шешуші болып табылады. Педагогикалық кеңестің құзыреті шегінде қабылданған және заңнамаға қайшы келмейтін шешімдері орындауға міндетті болып табылады.

Педагогикалық кеңесте оқу сапасы, жаңартылған білім беру мазмұны, қосымша білім беру, пәндердің оқытылуы, мектептегі тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы, оқушылардың сабаққа қатысуы, кабинеттердің санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі т.б. тақырыптар қарастырылады. **(№15 кесте)**

Мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктері (жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық) 02.09.2019 жылдың № 3/1 бұйрығы негізінде құрылған. Әдістемелік бірлестіктердің қызмет саласы – білім беру бағдарламаларын іске асыруды әдістемелік қамтамасыз ету.

Қоғамдық- гуманитарлық бағыттағы әдістемелік бірлестік құрамында 9 мұғалім бар. Бірлестік жетекшісі – ағылшын тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Э.Д. Каратауова, бірлестік хатшысы - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Е.Н. Қойшығара. Жаратылыстану-математика бағытындағы әдістемелік бірлестік құрамында 7 мұғалім бар. Бірлестік жетекшісі - география пәнінің мұғалімі Н.С. Әлмұқан, хатшысы – мектеп психологі Т.Ж. Тамабай.

Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы бір оқу жылына әзірленген жұмыс жоспары бойынша тоқсанына бір рет және оқу жылының соңында жүргізіледі. Жоспарды әдістемелік бірлестіктің жетекшісі жасайды, оны әдістемелік бірлестік отырысында қарастырады, директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарымен келісіліп, мектептің әдістемелік кеңесінде бекітеді. Әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі мақсаты - мұғалімнің кәсіби потенциалын тиімді қолдану, тиісті оқу пәндерінің оқыту әдісін жетілдіруді үйлестіріп дамыту және осының негізінде – білім беру үдерісін жақсарту.

Әдістемелік бірлестіктің негізгі атқаратын қызметтері :

- оқушының оқу мүмкіндігін, білім беру үдерісінің нәтижесін, сонымен бірге пән бойынша оқудан тыс жұмыстарды талдайды;
- білім беру үдерісін қажетті әдістемелік - бағдарламалық кешенмен қамтамасыз етеді;
- пән мұғалімдеріне нақты әдістемелік көмек көрсетуді жоспарлайды;
- әдістемелік семинарды және әдістемелік жұмыстың басқа да формаларын ұйымдастырады;
- пән кабинеттерінің жабдықталуын жоспарлайды және талдайды;
- мұғалімдердің оқу бағдарламасына енгізетін алғашқы сараптау өзгерісін жүргізеді;
- пәнді оқыту тәжірибесін зерттейді және жинақтайды;
- оқушылардың пән бойынша сыныптан тыс жұмысын ұйымдастырады;
- мұғалімге көмек ретінде әдістемелік ұсынысты дайындауға шешім қабылдайды;
- оқушыларға және оның ата-аналарына тиісті пәнді жақсы меңгеру, оқу еңбегінің мәдениетін арттыру мақсатында әдістемелік ұсыныс жасауды ұйымдастырады;
- мұғалімдерге кәсіби біліктілігін арттырудың әр түрлі формасын ұсынады;
- іс-тәжірибесі аз және жас ұстаздарға тәлімгерлер жұмысын ұйымдастырады;
- сайыс, олимпиада, пән апталығының (айлық) ережесін жасап және оның өткізілуін ұйымдастырады. (**№16 кесте**)

Мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесі 02.09.2019 жылдың № 3/1 бұйрығы негізінде құрылған. Кеңестің қызмет саласы – білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Ал, негізгі мақсаты - педагогтың шығармашылық ойлауын дамыту, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік мүмкіндігін жетілдіру. Ғылыми-әдістемелік кеңес мүшелері 5 педагогтен құралған. Олар:

- кеңес төрайымы – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.О. Капарова;
 - төрайымның орынбасары – директордың бейіндік бағдар беру жөніндегі орынбасары Ғ.О. Сейтмаганбетова;
- Кеңес мүшелері :
- математика пәнінің мұғалімі Р.Д. Конысбаева;
 - тарих пәнінің мұғалімі Ж.А. Акшалова;
 - химия пәнінің мұғалімі А.С. Какенов.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс мынадай бағыттарды қамтиды:

- ғылымның теориялық, әдіснамалық негіздерін, педагогика мен психологияның жетістіктерін, дүниетанымның, өзіндік жұмыстың, өзіндік білімнің іскерлігі мен дағдысын қалыптастыратын, ақыл-ес және танымдық белсенділікті дамытатын тиімді әдістерді меңгеру;
- білім беру саласындағы нормативтік құжаттармен танысу;
- сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбие жұмыстарын оқытудың түрлі нысандары мен әдістерін және шығармашылық түрде меңгеру;
- үздік, жаңашыл тәжірибемен және оның идеяларын шығармашылықпен пайдалану, менеджменттің қызметтерімен және прогрессивті идеяларымен, инновацияларымен танысу;
- білім алушылардың ғылыми әлеуетін анықтау үшін (Республикалық, халықаралық олимпиадалар мен конкурстарға қатысу) оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және білім беру ұйымының педагогына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын дайындау және өткізу;
- оқыту сапасына, оқыту жетістіктерінің деңгейіне, оқушылардың тәрбиесіне талдау жасау;
- педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау рәсіміне белсенді түрде қатысу;
- әдістемелік және ғылыми-әдістемелік өнімді әзірлеу.

2019-2020 тоқу жылында мектебіміздегі ғылыми-әдістемелік кеңес айына 2 рет «Мектептегі ынтымақтастық», «Lesson Study», «Дамытушылық сұқбаттың білім сапасын арттырудағы тиімділігі», «Блум таксономиясы негізінде білім берудің тиімділігі», «Сабақта қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер», «Авторлық бағдарламаларды дайындаудың тиімді жолдары», «Мектептегі нормативтік құжаттар» тақырыбында әдістемелік семинарлар ұйымдастырды. Сонымен қатар, жас мамандардың сабақтарына қатысып, сабақты жоспарлау, құрылымы бойынша талдаулар жасады. Оқушылардың ғылыми жұмыстармен айналысуына көмек көрсетті. «Дамытушылық сұқбат» негізінде 5-сынып оқушылары мен ата-аналарын қатыстыра отырып, жұмыстар жасады. **(№17 кесте)**

Мектептің аттестаттау комиссиясы 03.09.2019 жылғы № 7 бұйрық негізінде құрылған. Аттестаттау комиссиясы 5 мүшеден және 1 хатшыдан құралған. Олар:

- комиссия төрайымы – мектеп директоры Л.С. Мукишева;

- төрайым орынбасары - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.О. Капарова;
- комиссия мүшелері:
- кәсіподақ ұйымының төрайымы, информатика пәнінің мұғалімі С.Ш. Уалиханова;
- математика пәнінің мұғалімі Ж.С. Торгаева;
- ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Э.Д. Каратауова;
- хатшы:
- география пәнінің мұғалімі Н.С. Әлмұқан

Аттестаттау комиссиясының қызмет саласы - аттестаттау рәсімін өткізу.

Аттестаттау комиссия жұмысының негізгі мақсаты – педагогикалық қызметкердің кәсіптік деңгейінің біліктілік талаптарына, олардың лауазымдық міндеттемелеріне сай алдын ала әзірленген және бекітілген критерийлерге сәйкестігін айқындау.

Аттестаттауға дұрыс көзқарас бізге бірқатар маңызды мәселелерді шешуге көмектеседі:

- мектепте әрқайсысының жетістігіне деген қызығушылық назары боларлықтай қолайлы жұмыс ахуалын орнату;
- педагогтердің кәсіптік біліктілігін айқындау;
- олардың кәсіптік өсу болашағын белгілеу;
- әдістемелік жұмысты дамытудың мүмкіндіктерін анықтау және т.б.

Комиссия төрайымының функционалдық міндеттемелері:

комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

- комиссияның жұмысын жоспарлайды;
- комиссия отырыстарында төрағалық етеді.

Комиссиясы төрайымы орынбасарының функционалдық міндеттемелері:

- мектеп комиссиясының аттестаттау рәсімдерін ұйымдастыру;
- білім беру басқармасына педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, шебер педагог біліктілік санаттарын алу үшін өтініш берген педагогтермен мектеп деңгейінде жұмыс жүргізу, облыстық комиссиямен байланысты жүзеге асыру;

Мектеп аттестаттау комиссиясының міндеттері:

- мұғалімнің білімін, жеке әлеуетін, оның жалпы мәдениеттілік және психологиялық-педагогикалық деңгейін, шығармашылыққа қабілеттілігін бағалау; аттестаттауға даярлық кезінде әдістемелік көмек көрсету; нормативтік-құқықтық және аттестаттау үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету материалдарын зерделеу және жүйелеу; аттестаттаудан өтудің қолайлы, жайлы ұйымдастыру мен психологиялық жағдайларын қамтамасыз ету.

Мектеп аттестаттау комиссиясы хатшысының міндеттері:

- аттестаттаудың іс қағаздарын жүргізу;
- мектеп аттестаттау комиссиясы отырыстарын ұйымдастыру, хаттамалар жазу;
- аттестаттау барысы мен нәтижелерін ақпараттық қамтамасыз ету;
- аттестаттау бойынша құжаттар банкіні құру.

Мектептің эксперттік кеңесі 03.09.2019 жылғы № 7 бұйрық негізінде құрылған. Эксперттік кеңес 5 мүшеден және 1 хатшыдан құралған. Олар:

- кеңес төрайымы – директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Г.О.Сейтмағанбетова;
- төрайым орынбасары - математика пәнінің мұғалімі Р.Д. Конысбаева; комиссия мүшелері:
- орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі М.А. Саринаова;
- тарих пәнінің мұғалімі Ж.А. Акшалова;
- кадр жөніндегі инспектор Р.А.Умурзакова;
- хатшы:
- география пәнінің мұғалімі Н.С. Әлмұқан

Эксперттік кеңестің қызмет саласы: педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың қызметіне кешенді талдап, қорытынды жасау.

Эксперттік кеңес қызметінің мақсаттары:

- Ұсынылған материалдардың Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың мақсаттарына, оны ұйымдастырудағы заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарға сәйкестігін анықтау;
- мектептің инновациялық әрекет деңгейін бағалау, инновациялық үрдістерді білім берудің қазіргі заманғы қазақстандық білім беру моделін шығаруға бағыттау.

Эксперттік кеңес қызметінің міндеттері:

- көп кезеңді тәуелсіз сараптаманы және мектептің білім беру әрекетінің деңгейі мен педагогикалық кадрлардың шығармашылық әлеуетін бағалауды жүзеге асыру;
- мектептің даму болашағы мен тиімділігі, жағдайы туралы шынайы ақпараттар алуға бағытталған білім беру іс-әрекетін бағалау;
- педагогикалық бастамалардың жаңашылдық деңгейін, тәжірибелік маңыздылығын және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне енудегі мақсатқа сәйкестігін зерттеу;
- инновациялық қызметтің аралық және соңғы қорытындыларын сараптау;
- мектептің әрекеті мен дамуының ғылыми-әдістемелік, кадрлық қамтамасыз етілу деңгейін бағалау. **(№18 кесте)**

Мектептің Қамқоршылық кеңесі 02.09.2019 жылғы № 5 бұйрық негізінде құрылған. Қамқоршылық кеңес 9 мүшеден және хатшыдан құралған. Олар:

- кеңес төрайымы - Пирекенова Г.И.
- кеңес төрайымының орынбасары - Төлеш Қ.Ж.
- кеңес мүшелері:
Балмағанбетов С.С.
Тағыбергенова Н.К.
Сейтжанова Г.С.
Молдагайрова А.А.
Бейсенов М.К.
Батырбекова К.М.
- кеңес хатшысы - Жалелова М.М.

Кеңестің қызмет саласы - оқу үрдісін ұйымдастыру мен жетілдіруге көмектесу.

Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары 1 жылға жасалады. Кеңес отырыстары тоқсанына 1 рет жоспарға сай өткізіледі. Отырыста күн тәртібіндегі мәселелер талқыланады.

2019-2020 оқу жылында Қамқоршылық кеңес мектебімізде өткен түрлі іс-шаралардың, қайырымдылық жәрмеңкелерінің өткізілуіне атсалысты. Атап айтар болсақ, қазан айының 29-ында «Балаға мейірім сыйла» атты республикалық акция шеңберінде «Жақсылық жаршысы болайық!» атты акция өткізілді. Бұл акцияда аз қамтылған, көпбалалы жанұя балаларына қажетті сыйлықтар Қамқоршылық кеңес тарапынан сыйлықтар таратылды. Облыс әкімінің жаңа жылдық шыршасына қатысқан 6 «Б» сынып оқушысы Ә. Төлектің барып-қайту жолын, тіктерген костюміне де демеушілік жасады. Сонымен қатар, мектеп ғимаратында жиын залының жоқ болуына байланысты 5-8 сынып оқушыларына арналған «Жаңа жыл, төрлет!» атты меркелік іс-шараның өткізілуіне Қамқоршылық кеңестің мүшесі К.М. Батырбекова өз кафесін тегін ұсынды. Сондай-ақ, балаларға кеш соңында тәттілер таратып жақсы көңіл-күй сыйлады. Қазан, ақпан айларында 2 рет Қамқоршылық кеңестің ұйымдастыруымен қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Қайырымдылық жәрмеңкесінен түскен қаражатқа мектебіміздің «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері және Қамқоршылық кеңесінің мүшелері М.К. Бейсенов, М.М. Жалелова, Н.К. Тағыбергенова Жезқазған қаласында орналасқан қарттар үйі мен балалар үйіне барып тәттілер мен сыйлықтар таратты. Ал, мектеп оқушылары концерттік бағдарлама қойып, балаларға түрлі ойындар ойнатты. Сонымен қоса, Қамқоршылық кеңес облыстық сайыстарға қатысуға материалдық мүмкіндігі жоқ оқушыларға да жол шығындарын өтеуге көмек көрсетіп отырады.

Қамқоршылық кеңестің хаттамалары мен атқарып жатқан жұмыстары туралы есеп мектептің www.orkenzhez.kz сайтында жарияланып отырады. (№19 кесте)

Мектептің ата-аналар комитеті 02.09.2019 жылғы № 5 бұйрық негізінде құрылған. Ата-аналар комитеті 5 мүшеден және хатшыдан құралған. Олар:

- комитет төрайымы - Тағыбергенова Н.К. (7а)
- комитет мүшелері:
Нысанбаева Г. Ж. (7б)
Даулбаева А. Ш. (6б)
Райсова Ш. С.7(8а)

- комитет хатшысы - Жетибаева А. А.(6а)

Комитеттің қызмет саласы: оқушылардың ата-аналарымен тұрақты және тығыз байланысты қамтамасыз ету.

Ата-аналар комитетінің негізгі міндеттері:

- мектеп әкімшілігімен бірге оқу процесін реттеп қалыптастыруда жағдайлар жасайды;
- оқушылардың өмір қауіпсіздігі және денсаулығы, жеке тұлғаның еркін дамуы, оқушының қызығушылығының заң жүзінде қорғалуы,

мектепшілік іс-шаралардың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне көмек көрсетеді;

- ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру, оқушының құқығын және баланың жан-жақты дамуындағы отбасының жағдайын назарда ұстайды, байланыс орнатады.

Ата-аналар комитетінің қызметі сынып пен мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес құрылған жоспар бойынша жүзеге асырылады. Комитет отырыстары тоқсанына 1 рет жоспарға сай өткізіледі. Отырыста күн тәртібіндегі мәселелер талқыланады. Ата-аналар комитетінің мүшелері өз атынан жалпы мектептік конференцияларда, кеңестерде, әкімшілікпен кездесулерде сыныптағы қалған ата-аналардың мүддесін білдіреді.

2019-2020 оқу жылында ата-аналар комитеті көптеген жұмыстар атқарды. Олар өз сыныптарындағы барлық ата-аналармен жыл бойы жұмыс жасады, оқушылармен әңгіме, экскурсия, саяхат, концерттік бағдарламалар ұйымдастыруға көмектесті. Сыныптың безендірілуі, мектеп алдындағы жер теліміне тал отырғызу мәселелерімен де айналысты. Сынып жетекшілерімен тығыз қарым-қатынаста болып, түрлі іс-шаралар ұйымдастыруға көмектесті. Мәселен, қазан айында 7-сыныптар Алашахан, Жошы хан мазарларына экскурсия жасады. Осы экскурсияға қажетті автобус пед гидті ата-аналар комитеті ұйымдастырды. Сонымен қатар 5-сынып оқушыларына қыркүйек айында қаламыздағы музейлерге саяхат жасауды ұйымдастырды. Қазан айында мектеп оқушылары комитетпен біріге отырып қайырымдылық жәрмеңкесін өткізді. Желтоқсан айында мектеп оқушыларын қаламыздағы С.Қожамқұлов атындағы драма театрына апарды. Ал, қыркүйек, желтоқсан айларында мектепшілік футбол жарысын ұйымдастыруға және «Әкем, анам және мен» атты отбасылық спорттық сайысты өткізуге, наурыз айында мектепшілік «Үш жұлдыз» ән байқауларын т.б. өткізуге көмектесті.

Ата-аналардың қатысуымен өткен іс-шаралар orken_mektep инстаграм парақшасында, «Өркен» ММИ фейсбук парақшасында жарияланып отырады. (№20 кесте)

Блок 2. МТБ (материалдық техникалық база) қамтамасыз етілуі.

Мектеп 1965 жылы салынған 3 қабатты типтік ғимаратта орналасқан. Мектептің жалпы көлемі 1422,2 шаршы метр, пайдалану ауданы 1111,6 шаршы метр. Жылу жүйесі, кәріз жүйесі, сумен жабдықтау жүйесі орталықтандырылған. Ыстық сумен қамтамасыз етілмеген. Әжетханалар (ұлдарға және қыздарға арналған) мектептің 1- қабатында орналасқан. Жуынатын бөлмелермен, душпен жабдықталмаған. Электрмен жабдықтау жүйесі өрт қауіпсіздігі, электрмен жабдықтаушы ұйымдардың нұсқаулықтарына, кабельдің сипаттамасы электр энергиясын тұтыну талабына сәйкес келеді, түсініктемелері бар.

Оқу кабинеттерінің саны - 10, оқу жоспарларына сәйкес жеткіліксіз. Кабинеттер қажетті сынып жиһаздарымен, техникалық құрал жабдықтарымен (компьютерлер, моноблоктар, ноутбуктар, проекторлар, интерактивті тақталар, теледидар) қамтамасыз етілген.

Балалары жаңа технологияларды меңгеріп, құлтемірді бағындырып, оқу үрдісінде бағдарламалау, 3D модельдеу, алгоритмнің кезектілігін құрастыра білу сынды жаңа ғылым түрлерін меңгерсе деген мақсатпен жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша 2017 жылы мектеп робототехника құралдарымен жабдықталып, арнайы робототехника кабинеті іске қосылды. Кабинет 15 оқушыға арналған жиһазбен, комплект базалық, комплект ресурстық леги роботтарымен, бөлшектер мен аксессуарлар жиынтығымен, түрлі жобалар үшін конструкторлармен жабдықталған.

Мектепте лингофон, мультимедиялық кабинеттер, акт залы, спорт залы жоқ, спорт (футбол, волейбол) алаңдары, жылыжай иен мектеп алаңы жоқ. Гимнастика залына бір кабинет бейімделген. Гимнастика залы қажетті спорттық инвентарьмен жабдықталған.

Көркем еңбекке арналған екі шеберханада (ұлдар және қыздар) оқу процесінің жүргізілуі тұрақты, шеберханалар қажетті құралдармен жабдықталған.

Мектепте 50 орындық асхана бар. Асхана жеке кәсіпкерге жалға берілген. Ас үй бөлімі қажетті технологиялық жабдықпен жабдықталған.

Мектеп кітапханасы технология және сервис колледжінің кітапханасымен біріктірілген. Кітап қорының жағдайы лицензиялық талаптарға сәйкес. Кітапхана негізгі орта мектепке арналған 5-7,9 сынып оқулықтарымен қамтамасыз етілген. 8 сынып оқулықтары электронды түрде.

Медициналық кабинет талапқа сай жабдықталған, мемлекеттік лицензия берілген (№18000804 18.01.2018ж.), емдеу бөлмесі бар, тіс дәрігерінің кабинеті жоқ.

Интернет және телефон байланысы орнатылған. Интернет кең жолақты, жылдамдығы 20мбит.

Жоғарыда аталған жабдықталған кабинеттердің бар болғанымен, мектепте оқу-тәрбие процесінің жұмыс жүйесін жетілдіруде келесі күрделі мәселелер туындап отыр:

- мектептің жеке ғимараты мен интернаттың жоқтығы;
- мектеп ғимараты ескі, күрделі жөндеуден өтпегені;
- МТБ-ның білім беру процесінің қазіргі талаптарына сәйкес келмеуі (пән кабинеттерінің жетіспеуі, кабинеттердің жасақталуы);
- спорт, акт залдарының, жеке кітапхананың, мектеп алаңының, спорттық (футбол, волейбол) алаңдардың жоқтығы; **(кесте №21,22,23)**

IV. «Өркен» ММИ даму тұжырымдамасы

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясында таяудағы он жылда Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына шығару міндетін қойған болатын. Осы міндетті жүзеге асыруда әрине білім беру саласы маңызды рөл атқаратыны белгілі. Бүгінгі күні білім беру саласының алдында ақпаратты, функционалды сауатты, жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтармен қаруланған, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, қоршаған ортаға бейімді, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл міндетті жүзеге асыруда мектебіміздің шығармашылық тобы «Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернатын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған дамыту бағдарламасын» (бұдан әрі бағдарлама) әзірлеген болатын.

Бағдарлама ҚР Конституциясы, "Білім туралы" ҚР Заңы, мемлекеттік білім беру бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы) негізінде әзірленді.

Бағдарлама мектеп жағдайында жалпы орта білім берудің даму стратегиясын анықтайды.

Білім беруді дамыту және жаңғырту бағдарламасының негізгі мақсаттары, міндеттері облыстың, қаланың, білім беру мекемесінің жалпы мәдени, ұлттық-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, демографиялық және басқа да ерекшеліктерін ескере отырып жасалған.

Бағдарлама Қазақстан Республикасындағы барлық білім беру жүйесінің даму стратегиясы мен әлеуметтік саясатты іске асыруды ескере отырып, мектептегі білім берудің қазіргі жай-күйі, оның дамуын болжау негізінде әзірленген.

Бағдарлама жалпы мектеп ұжымының, ата-ананың, оқушылардың қызметтерінің негізгі бағыттарын анықтайтын құжат болып табылады.

Бағдарлама жасаудың өзектілігі: Білім саласындағы ашықтықты қамтамасыз ету, білім беру мазмұнын ізгілендіру, жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологияларын енгізу, мұғалімдердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету.

Бағдарламаның мақсаты: Мектеп оқушыларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Оқушылардың білім алулары үшін тиісті жағдай жасау;
2. Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
3. Оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне байланысты тиісті іс-шараларды ұйымдастыру;
4. Оқушыларды қосымша білім берумен 100% қамту;
5. Оқушылардың азаматтық-құқықтық білім мен тәрбие алуына, мәдениеттілікке, ұлтжандылыққа, патриотизмге баулуға көңіл бөлу;

6. Мұғалімдердің АКТ-мен жұмыс жасау деңгейлерін, сандық сауаттылықтарын 100%-ға көтеру;
7. Нормативтік-құқықтық құжаттарға сай әдістемелік жұмыстардың жүргізілуіне көңіл бөлу.

Мектептің даму тұжырымдамасы

МЕКТЕП МИССИЯСЫ

↓	↓	↓	↓	↓
1-стратегиялық бағыт - білім беру сапасын дамыту	2-стратегиялық бағыт - адами ресурстарды дамыту	3-стратегиялық бағыт - басқарудың алқалы формасын дамыту	4-стратегиялық бағыт - оқу процесіне жағдай жасау	5- стратегиялық бағыт – ата-анамен жұмысты дамыту
Іс-шара 1. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасау. 1. Дарынды оқушылармен жұмыс - Оқу жылының басында бейіндіктеріне байланысты сауалнама мен тесттер алу; - бейіндіктеріне қарай топтарға бөлу; - Аптасына 2 рет қосымша сабақтар ұйымдастыру. 2. Олимпиада резервін құру - пәндер бойынша резерв жасақтау; - мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық пән олимпиадаларына қатыстыру; - олимпиадаға дайындық сабақтарын ұйымдастыру;	Іс-шара 1. 1. Пән мұғалімдерімен қамтамасыз ету - қоса қызмет атқарушылардың орнына жұмысқа жас мамандарды тарту; - басқа білім беру мекемелерімен байланыс орнату; - вакансия жәрмеңкесіне қатысу.	Іс-шара 1. 1. Мектептің педагогикалық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру. - педкеңесте талқыланатын мәселелерді педагог кадрлардың қажеттіліктеріне, мектептің оқу-тәрбие процесіне бағыттау; - педкеңесте талқыланатын мәселелердің ашық болуын ұйымдастыру; - шығармашыл оқушылар мен ұстаздарды марапаттау. (оқу жылының соңында номинациялар беру) - мұғалімнің кәсіптік-педагогикалық дайындығын жетілдіру;	Іс-шара 1. 1. Мектептегі оқу кабинеттеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу. - сылау, сырлау, әктеу жұмыстарын жүргізу; - кабинеттерді безендіру.	Іс-шара 1. Ата-аналар жиналысын өткізу. 1. Тоқсанына 1 рет «Мұғалім - ата-ана» ата-аналар жиналысын өткізу. - жоспарға сай тақырыптарды қамту; - ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлерін ескеру; - жоспарлармен бөлісу. 2. жартыжылдықта 1 рет «Оқушы- ата-ана» жиналыстарын өткізу. - оқушылар ата-аналарына оқу үлгерімі, тәртібі, қосымша қатысатын пәні т.б. жайлы есеп береді;

3. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс - қосымша сабақтар ұйымдастыру; - топтық жұмыстар ұйымдастыру; - жоғары сынып оқушыларымен сабақтастық орнату; - ата-анасымен тығыз байланыс орнату.				- өзінің іс-әрекетіне өзіндік баға береді.
Іс-шара 2. Оқушыларға қосымша білім беру. 1. Таңдау курстары мен вариатив сабақтарын ұйымдастыру - оқушылардың қажеттіліктері мен сұраныстарына қарай вариатив курстары мен үйірмелерді оқу жоспарына енгізу (сауалнама нәтижесі бойынша) - сабақтарға қажетті ресурстармен қамтамасыз ету; - тиімді сабақ кестесін құру, қатысуын қадағалау.	Іс-шара 2. Педагогтердің кәсіби біліктіліктерін арттыру. 1. Педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан 100 % өтуін ұйымдастыру. - курстан өтпеген мұғалімдердің тізімдерін жасау; - білім басқармасына сұраныс жіберу; - ПШО, «Өрлеу» БАҰО – мен байланыс орнату. 2. Педагогтер мен директор және орынбасарларының аттестациядан 100 % өтуін ұйымдастыру. - аттестаттаудың перспективалық жоспарын жасау; - педагог кадрлады аттестаттау ережесімен, нормативтік-құқықтық	Іс-шара 2. 1. Мұғалімдердің әдістемелік бірлестігінің жұмыстарын жалғастыру. - пән мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету (әдістемелік күн аясында); - семинарлар, шеберлік сыныптарын, дөңгелек үстелдер т.б. өткізу; - пәндік апталықтар, байқаулар, ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастыру; - өздігінен білім көтеру тақырыптары бойынша жұмыс жасау; - жас мамандарға қолдау көрсету; - «Үздік бірлестік» шығармашылық есеп беру күнін өткізу.	Іс-шара 2. 1. Оқу-тәрбие процесінде психологиялық қызмет кабинетінің жұмыс жүйесін жетілдіру. - оқушыларға ыңғайлы, комфортты зона жасау; - білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету; - білім алушылардың психологиялық денсаулығын қорғау.	Іс-шара 2. 1. «Отбасы – жарастық, сыйластық орнаған орта» тақырыбында мектепшілік семинар өткізу. - семинар жоспарын, бағдарламасын жасау; - ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру; - ата-аналарды марапаттау. 2. «Менің отбасым – менің қорғаным» тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізу. - іс-шара бағдарламасы мен жоспарын жасау; - іс-шара қонақтарын шақыру; - әлеуметтік желілерге, БАҚ –қа жариялау.

	құжаттармен таныстыру; - аттестаттаудың кезеңдеріне дайындалуда әдістемелік көмек көрсету.			
Іс-шара 3. 1. Оқушылардың шығармашылық сайыстарға, интеллектуалды олимпиадаларға т.б. қатыстыру. - жоспарға сай дайындық жұмыстарын жүргізу; - үздік оқушыларды марапаттау; - іс-шара қорытындыларын әлеуметтік желілерге жариялап отыру.	Іс-шара 3. Педагогтердің шығармашылықпен айналысуын ұйымдастыру. 1. Қолданбалы, таңдау курстарының бағдарламаларын, әдістемелік құралдарын әзірлеу. - авторлық бағдарламалар жасауға қатысты әдістемелік қолдау көрсету; - оқу-әдістемелік орталығымен байланыс жасау; - авторлық бағдарламалар сайыстарына қатыстыру. 2. Үздік сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстардың жоспарларын әзірлеу. - материалдарды жинақтау; - түрлі білім сайттары мен газет-журналдарға жариялау; - жинақтар жасау. 3. Шығармашыл мұғалімдермен жұмыс - жұмыс тобын құру, жоспар әзірлеу; - мектепшілік, қалалық,	Іс-шара 3. 1. Мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмысын жүргізу - мектептегі ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын оқушылар мен мұғалімдердің санын арттыру, облыстық, республикалық сайыстарға қатыстыру; - PBL (жоба негізінде білім беру), TED-х жұмыстарын ұйымдастыру; - «Lesson Study» зерттеу сабақтарын жалғастыру; - ғылыми жобаларды, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу және конкурстарға қатысу, олардың нәтижелерін оқу процесіне енгізу.	Іс-шара 3. 1. Санитарлық – эпидемиологиялық ережелер мен нормасына сәйкес сабақ кестесін құру, кабинеттердің жабдықталуын қадағалау. - ұстаздар мен білім алушылардың оңтайлы жұмысына жағдай жасау; - оқушылардың денсаулығына зиян келтірмеу; - оқу қызметіне деген оң уәждемені қалыптастыру	Іс-шара 3. 1. «Туған елге тағзым» жобасы аясында Ұлытау өңірінің киелі жерлері мен Жезқазған, Жезді, Ұлытау елді мекендерінде орналасқан музейлерге саяхаттар ұйымдастыру. - әр сыныптың ата-аналары мен оқушыларын ұйымдастыру; - оқу жылына маршрут картасын жасау; - саяхат қорытындысы негізінде таныстырылымдар, шағын жоба жұмыстарын т.б. өткізу.

	облыстық, республикалық көлемде жұмыстарын тарату, конкурстарға қатысу; - іс-тәжірибесімен БАҚ арқылы бөлісіп отыру.			
Іс-шара 4. Үш тілде білім беруді жүзеге асыру. 1. Қалалық, облыстық дебат, пікірталас сайыстарына қатыстыру. - командалар құру; - дайындық жұмыстарын жүргізу; - пікірталастар ұйымдастыру. 2. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде вариатив сабақтарын ұйымдастыру. - қатысушылар тізімін жасау; - мектепшілік сайыстар ұйымдастыру; - қалалық, облыстық, республикалық сайыстарға қатыстырту. 3. «Полиглот», «Не? Қайда? Қашан?» зияткерлік ойындарын ұйымдастыру - қатысушыларды анықтау; - жеңімпаздарды марапаттау; - қала, облыс көлеміндегі сайыстарға жіберу.	Іс-шара 4. Білім беру мекемелерімен байланыс орнату. 1. «Ауыл-қала» жобасы аясында Ұлытау ауданы мектептерімен жұмыс жасау. - саралау, мониторинг жұмыстарын жүргізу, кездесулер ұйымдастыру; - әдістемелік семинарлар, дөңгелек үстелдер т.б. өткізу; - пән мұғалімдерімен байланыс орнату; - аудан оқушыларына арналған олимпиадалар, шығармашылық сайыстар ұйымдастыру. 2. Жезқазған қаласындағы №3 БИЛ-мен байланыс орнату. - пән мұғалімдерімен байланыс орнату; - біріккен іс-шаралар ұйымдастыру; - вариатив сабақтарға тарту. 3. Жезқазған қаласындағы	Іс-шара 4. 1. Аттестаттау комиссиясының жұмысын жүйелеу. - мұғалімдерді аттестаттауға байланысты ақпараттық сүйемелдеу; - біліктілік деңгейлеріне қойылатын талаптармен таныстыру; - аттестаттау рәсімін өткізу.	Іс-шара 4. 1. Пән бойынша оқу-әдістемелік материалдарды жинақтап, база құру. - мұғалімдердің тәжірибе алмасуы үшін жағдай жасау; - сабаққа қажетті әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету; - құралдардың қолжетімді болуын, ашықтықты ұйымдастыру.	Іс-шара 4. 1. Ата-аналардың қатысуымен сыныптан тыс жұмыстар, тәрбие сағаттарын өткізу. - әр сынып бойынша топтар құру; - тақырыптар белгілеу; - өткізілу формаларын айқындау.

	Ө.А. Байқоңыров атындағы университетімен серіктестік орта құру. - оқушылардың қосымша білім алуларын ұйымдастыру; - мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуына жағдай жасау; - бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру.			
Іс-шара 5. Оқушыларға кәсіби білім беру. 1. Кездесулер ұйымдастыру. - әр түрлі мамандық иелерін шақыру; - мамандықтар бойынша ақпараттар жинақтау; - мамандық иелерімен онлайн кездесулер жасау; - сауалнамалар алу. 2. «Мамандықтар әлемін ашамыз» облыстық, республикалық конкурстарға қатысу. - дайындық жұмыстарын жүргізу; - бейнероликтер түсіру; - сценарийлерін жазу; - зерттеу жұмыстарын жүргізу. 3. Кәсіби бағдар беру бойынша тесттер мен	Іс-шара 5. Қалалық, облыстық семинарлар мен шеберлік сағаттарын, конференцияларды ұйымдастыру. 1. «Математика әлемінде» тақырыбында қалалық семинар өткізу. - қаланың, ауданның математика мұғалімдерін қатыстыру; - іс-тәжірибемен бөлісу; - мектептермен байланыс орнату. 2. «Робототехниканың мүмкіндіктері» тақырыбында облыстық шеберлік сағаттарын өткізу. - роботтарды, бағдарламаларды дайындау;	Іс-шара 5. 1. Эксперттік кеңес жұмысын ұйымдастыру. - педагогтедің жұмысына талдау жасау; - педагогикалық бастамалардың жаңашылдық деңгейлерін айқындау; - атқарылған жұмыстар бойынша қорытынды шығару.	Іс-шара 5. 1. Физика, химия, биология кабинеттерін қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. (Білім басқармасына сұраныс жіберу, Қамқоршылық кеңесті ұйымдастыру) - оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау; - тәжірибелік жұмыстар жасауына мүмкіндік беру; - функционалды сауаттылықтарын арттыру.	Іс-шара 5. 1. «Үштік одақ: ата-ана, мұғалім, оқушы» тақырыбында ата-аналарға арналған ашық есік күндерін өткізу. - сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастыру; - ашық сабақтар ұйымдастыру; - үйірмелер мен вариатив сабақтары бойынша көрмелер жасау.

сауалнамалар алу. - мектепшілік сауалнамалар мен тесттер алу, нәтижесін шығару; - онлайн тесттер мен сауалнамаларға қатысу; - рейтинг жасау.	- қала мектептерінің информатика мұғалімдерін тарту; - тәжірибе алмасу. 3. Жезқазған қаласындағы тарихи-археологиялық музеймен бірлескен «Ұлттың ұлы тұлғасы» Ө.Бөкейхановтың 155 жылдығына арналған облыстық ғылыми-практикалық конференция өткізу. - материалдар жинақтау; - жинақтар шығару; - үздік жұмыстарды анықтау.			
Іс-шара 6. Оқушылардың өзіндік іздену жұмыстарын ұйымдастыру. 1. «Ізденіс» ғылыми зерттеу клубын ұйымдастыру. - клуб құру, мүшелерін тағайындау; - зерттеу жұмыстарын жүргізу; - дөңгелек үстелдер, таныстырылымдар, жоба қорғау жұмыстарын өткізу. 2. «Жас тілші» журналистер клубын ұйымдастыру. - клуб құру, мүшелерін тағайындау; - видеорепортаждар жүргізу; - монтаждау жұмыстарын	Іс-шара 6. Мұғалімдер мен оқушылардың қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін, цифрлық сауаттылықтарын арттыру. 1. Қашықтықтан оқыту технологияларын меңгерту. - мұғалімдер мен оқушыларға желілік технологияларды үйрету; - компьютерде жұмыс жасай алу сауаттылықтарын қалыптастыру; - интернет көмегімен тиісті ақпараттарды алу, саралау;	Іс-шара 6. 1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жалғастыру. - кеңес жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету; - «Мектепке жол», «Қамқорлық» қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру; - Мектептегі медициналық көмек пен ыстық тағамның сапасына мониторинг жүргізу; - аз қамтылған оқушыларға әлеуметтік қолдау көрсету; - спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау.	Іс-шара 6. Мектеп кітапханасын жаңашаландыру, көркем әдебиетпен, оқулықтармен толықтыру. - оқушылар мен мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіруге арналған ыңғайлы, комфортты зона жасау; - оқушылар мен мұғалімдерге кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету орталығын ұйымдастыру; - кітапханадағы ақпарат көздерімен сыныптан тыс	Іс-шара 6. 1. Отбасы күніне орай отбасылық фотоколлаж, бейнеролик, сурет т.б. сайыстарын ұйымдастыру. - үздік жұмыстарды жариялау; - дауыс беру арқылы жеңімпаздарды анықтау; - жеңімпаздарды марапаттау.

жүргізу; ютуб каналын ашу, материалдарды жүктеу. 3. «Дебат» клубын ұйымдастыру. - клуб құру, мүшелерін тағайындау; - мектепшілік дебаттар өткізу; - қалалық, облыстық дебаттар мен пікірталастарға қатысу. 4. «Қайырымдылық» клубын ұйымдастыру. - клуб құру, мүшелерін тағайындау; - қайырымдылық іс- шараларын ұйымдастыру; - оқушыларды, ата-аналарды қатыстыру; - есеп беру. 5. «Жас фотограф» клубын ұйымдастыру - клуб құру, мүшелерін тағайындау; - суреттерді түсіру, көрмелер ұйымдастыру; - үздік суреттерді әлеуметтік желілерде жариялау. 6. «Жас бағдарламалаушы» ІТ-клубын ұйымдастыру. - клуб құру, мүшелерін тағайындау; - бағдарламалар жасау; - оқу-тәрбие процесінде	- онлайн курстар мен семинарларға, сайыстарға, сабақтарға қатысуын ұйымдастыру; - электронды журналдың дұрыс толтырылуын қадағалау. 2. Цифрлық сауаттылықтарын арттыру. - телефон бағдарламаларымен жұмыс жасай алуға үйрету; - электронды оқулықтар, әдістемелік құралдар әзірлеу; - пән мұғалімдерінің жеке білім сайттарын ашып, жұмыс жасауын ұйымдастыру.		жұмыстарды жүргізу.	
--	---	--	---------------------	--

қолдану.				
